



ТӨЛЕБИ ТҰЫ



ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

№10 (8770) Жұма, 14 наурыз 2025 жыл.

Біздің веб-сайт: <http://www.tolebituy.kz/>Электронды почта: tolebi_tuy@mail.ru

Төлеби ауданының мәдениет үйінде Халықаралық әйелдер күніне орай «Гүл сыйлайық анаға» атты мерекелік іс-шара өтті. Салтанатты жиында аудан әкімі Еркеғали Әлімқұлов 200-ден астам анаға сый-құрмет көрсетті.

Іс-шара барысында аудан әкімі Еркеғали Амантайұлы ауданның әлеуметтік-эконо-

атанып, ел басына төнген талай нәубетті көрген кейуаналар ақ батасын беріп, тұтас қазақ еліне тыныштық, бейбітшілік тіледі.

Бұл күні Еркеғали Амантайұлы көпбалалы аналарды да мерекемен құттықтап, сый-сияпат жасады.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының тапсырмасымен көпбалалы

«Наурызанама» онкүндігі басталды

Бүгін Қазақстанда жалпыұлттық «Наурызанама» онкүндігі басталды. Айта кетейік, 2024 жылы Президент Тоқаевтың бастамасымен Наурыз мейрамын тойлаудың жаңа форматы — «Наурызанама» онкүндігі, сондай-ақ мереке-

нің жаңа логотипі бекітілген болатын. «Наурыз» бірыңғай логотипіндегі үш қызғалдақ — уақыттың үш кезеңін, яғни еліміздің кешегі тарихын, қазіргі дамуын және келешек бағдарын бейнелейді.

- 14 наурыз — Көрісу күні — Амал мерекесі.
- 15 наурыз — Қайырымдылық күні. Бұл күнді ел бойынша қайырымдылыққа, мейірім мен тату көршілікке арнаймыз.
- 16 наурыз — Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні. Бұл күн мәдениетімізді, өнеріміз бен ұлттық құндылықтарымызды насихаттауға арналып, республика бойынша түрлі іс-шараларды өткізу жоспарланған.
- 17 наурыз — Шаңырақ күні. Осы күні отбасылық құндылықтарды дәріптеуге, өнегелі ұрпақ тәрбиелеген үлгілі отбасыларға арналған мәдени іс-шаралар өтеді.
- 18 наурыз — Ұлттық киімдер күні. Наурызнаманың онкүндігінде еліміздің барлық өңірінде ұлттық киімдерді насихаттауға бағытталған түрлі іс-шара өткізу ұсынылып отыр.
- 19 наурыз — Жаңару күні. Осы күні көктемгі ағаш егу дәстүрін жалғастыру ұсынылды.
- 20 наурыз — Ұлттық спорт күні. Бұл күні елдің барлық аймағында ұлттық спорттан түрлі жарыстар ұйымдастырылады.
- 21 наурыз — Ынтымақ күні. Оның басты мақсаты — жалпы халық арасында бір-біріне деген сый-құрметті арттырып, татулық пен бірлікті насихаттау.
- 22 наурыз — Жыл басы. Бұл күні еліміздің барлық өңірінде жалпыхалықтық мәдени-спорттық іс-шаралар өткізіліп, стильді этноауылдар мен түрлі жәрмеңке ұйымдастырылады. 14-23 наурыз аралығында «Наурыз-базарлық» маусымы жарияланады. Бұл күндері сауда орындарында жаппай сатылымдар өтеді.
- 23 наурыз — Тазару күні. Наурызнаманың қорытынды күні, жаңа жылды тұтас ел болып, жаңа мақсат, жаңа үмітпен қарсы алудың символы. Бұл күні Қазақстанның барлық аймақтарында жалпыұлттық экологиялық акция өтеді.

«ТӨЛЕБИ-АҚПАРАТ».

Ақ жаулықты аналарға арналды



микалық дамуы, қоғамдық саяси өміріне белсене атсалысып жүрген аналарға Алғыс хат табыстады.

Аудандық мәслихат төрағасы Нұрлан Қойбағаров отбасының ұйытқысы, береке-бірлігінің шырақшысы болып жүрген аналарды мәслихат Грамотасымен марапаттады.

Мерекелік шарада аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары концерттік бағдарлама ұсынды.

Төлеби ауданында 325 ана «Батыр ана», 1031 ана «Алтын алқа», 2192 ана «Күміс алқа» иегері атанып, құрметке бөленуде.

Көктемнің шуақты мерекесінде аудан әкімі Еркеғали Әлімқұлов 100 жастан асқан 2 әжені құттықтады. Мереке қарсаңында ғасыр жасаған әжелердің үйіне



арнайы барған аудан басшысы қазыналы қарияларды құттықтап, сый-сияпаттарын табыс етті.

Бірінші Мамыр ауылдық округіндегі Алғабас ауылының тұрғыны 101 жастағы Жұмабаева Күләтәр әже мен Қоғалы ауылдық округі, Диханкөл ауылының 100 жастағы тұрғыны Жақсықұлова Айнатай әже бүгінде немере, шөбере, шөпшек сүйіп отырған бақытты жандар. Екі ғасыр куәгері

аналарға жағдай жасау, әлеуметтік жағдайын жақсарту, ана мен бала денсаулығын сақтау бағытында жүйелі жұмыстар атқарылып келеді. Өңірді әлеуметтік нысандармен, мектептермен, медицина нысандарымен қамту жұмысы да қарқынды. Демографиялық өсімі жоғары аймақта бұл жұмыстар жалғасын табады, — деді құттықтау сөзінде аудан басшысы.

Аналар мерекемен құттықтап келген аудан басшысына ризашылығын жеткізді.

Бүгінде Төлеби ауданында жасы 100-ден асқан 9 қария бар.

Төлеби ауданы әкімінің орынбасары Бағдатбек Жанғазиев аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінен қызмет алатын қыз-келіншектерді көктем мерекесімен құттықтады.

Салтанатты шарада аудан әкімінің орынбасары аналарды мерекемен құттықтап, ізгі тілегін жеткізді. «Отан отбасынан басталады. Ал сол отбасының ұйытқысы да, шырағы да — Аналар. «Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді». Қай қоғамда болмасын, ұрпақ өсіріп, ұлт тәрбиелеуде аналардың алар орны айрықша екендігі де белгілі. Қазақ халқы «Әйел бақытты болмай, әлем бақытты болмайды» дейді. Бүгінгі бақытты, бейбіт заманды ананың, әйел адамның жақсы ниеті мен пейіліне берген ғой деп ойлаймын. Мемлекетіміз әйелдер қауымының еселі ерен еңбектерін ескеріп, олардың әлеуметтік тұрғыдан қорғалуына, өмір сүру деңгейін жақсарту түсуге айрықша көңіл бөлуде», — деді құттықтау сөзінде Бағдатбек Пердебайұлы.

Мерекелік жиында аудан әкімінің орынбасары қыз-келіншектерге гүл шоқтарымен қатар арнайы сыйлықтар табыстады.

«ТӨЛЕБИ-АҚПАРАТ».

«Сыйынар ем ана деген тәңірге»

Халықаралық әйелдер күні мерекесі қарсаңында Ленгір қаласының әкімі Мақсат Жұмабаев пен аудандық мәслихат депутаты Сәкен Мәженовтің ұйымдастыруымен аудандық ме-

реке мерекелік кеш ұйымдастырғаны есімізде. Сол үрдісті жалғастырған Мақсат Болысбекұлы мен Сәкен Есмаханұлы биыл да аналарға құрмет, ізеттерін көрсетіп, ме-

паттары табысталды.

Мереке шымылдығының қала әкімі Мақсат Жұмабаев пен әкім аппаратындағы ер азаматтардың «Анаға сөлем» әнімен ашылып, залда отырған аналарға



дениет үйінде «Сыйынар ем ана деген тәңірге» атты салтанатты іс-шара өтті.

Қала әкімдігі былтыр 8 Наурызда ақ жаулықты әжелер мен аналар-

рекелік көңіл-күй сыйлады. Салтанатты шараға келген қыз-келіншектер, аналар мен әжелердің әрқайсысына ақ жаулық пен арнайы дайындалған сый-сия-

гүл сыйлауы ерекше әсерге бөледі.

Мақсат Болысбекұлы аналар қауымын мерекемен құттықтап, ізгі тілегін арнады.

(Жалғасы 8-бетте).

● «Төлеби туына» – 90 жыл

Ұстаз әрі сан қырлы талант иесі еді

Қазіргі Қоғалы ауылдық округіне қарасты Ұзынарық ауылының тумасы, құрметті еңбек демалысына шыққанша Қ.Байболов атындағы орта мектепте мұғалім, мектеп директорының орынбасары қызметін атқарған, ең белсенді штаттан тыс тілшілеріміздің бірі – Сұлтанқұл Сәметовтің «Төлеби туы» газетінің 90 жылдық тарихында алар орны ерекше.

Мен Сұлтанқұл ағамызды бала кезімнен білемін. Біз 1960 жылдардың бас кезінде Киров атындағы (қазіргі Әл-Фараби атындағы) орта мектептің бастауышында оқып жүргенімізде, ол жоғарғы сынып оқушыларына қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беретін. Шымкенттегі педагогикалық институттың филология факультетін бітірсе де, мектептің көр-кемөнерпаздар үйірмесіне жетекшілік ететін. Қазақтың ұлттық музыка аспаптарында, баянда шебер ойнайтын. Сол бір жылдары мектеп оқушыларының аудандық көркемөнерпаздар байқауы Бірінші Мамыр ауылының клубында өтетін. Клубқа баянын көтеріп шәкірттерін өзі бастап баратын. Біз жоғарғы сыныпқа өткенімізде, Сұлтанқұл ағайымыз өз ауылы – Ұзынарыққа көшіп кетті. Сұлтекеңнің түрлі тақырыпта жазған мақалалары, өлеңдері «Ильич жолында» жиі жарияланып тұрды. Сол кездердегі ауыл проблемасын көтеріп, жиі қалам тартатын. Калинин (Қоғалы) атындағы колхоздың қарапайым еңбеккерлерін қаламына арқау етті.

Сұлтекең мақала, өлең жазумен қатар көптеген ән шығарды. Оның «Шымкентім – шырайлым» деген ғажап әнін кезінде белгілі әншілер шырқап жүрді. Аудандық, облыстық жазба ақындар айтысына талай рет қатысты. Көзі тірісінде бірнеше жыр жинақтары жарық көрді.

Ұзынарық ауылының тумасы, кезінде суырып салма айтыскер ақындығымен бүкіл Қазақстанға танылған, Сыр елінің дүлдiл айтыскер ақыны Нартай Бекежановпен талай рет жыр сайысына түскен. Төлеби бабамыз, Кеңестер Одағының Батыры Қарсыбай Сыпатаев туралы дастандар шығарған халық ақыны Қазанғап Байболовтан қалған жөдігерлерді, аудандық, облыстық, республикалық басылымдарда жарық көрген өлеңдерін кітапханалардағы газет тігінділерінен, мұрағаттардан іздестіріп тауып, мектеп жанынан музей ашты. Ұзынарықтағы мектепке Қазанғап Байболовтың есімін беру жөнінде ең алғаш бастама көтеруші де өзі болды. Оның бұл арманы мен мақсаты орындалды.

Ұзынарық ауылына жолымыз түскенде, Сұлтанқұл ағамызбен кездесіп, Қазанғап Байболовтың мұражайында талай рет болдық, жеңгеміздің ақ дастарханынан дәм таттық.

Сұлтанқұл ағамыз бізбен тығыз байланыс жасап, редакцияға жиі келіп тұрды. Мектептегі өлеңге, өнерге құштар шәкірттерін қияға самғауға баулыды. Кезінде «Төлеби туы» газетінің жанынан ашылған, қазіргі елге белгілі ақындардың бірі атанған Темірғали Көпбаев жетекшілік еткен «Аққайнар» әдеби бірлестігінің белсенді мүшесі әрі ұйымдас-тырушыларының бірі болды. Жыр сүйер қауымның басын қосып, «Аққайнардың» алғашқы отырысын Ұзынарықта өткізді.

Сұлтекеңнің шаңырағында болғанымда, мына бір әңгімесіне қайран қалғаным бар. Бұл оқиғаны адам сенбестей бір тылсым дүние дерсің. Сұлтекең маған:

– Шырт ұйқыда жатқанымда оянып кеттім. Түсімде сатиралық өлең жазып отыр екенмін. Әлгі өлең шумақтары санамда сайрап тұр. Қолыма қалам алдым да, ұмытып қалмайын деп өлең жолдарын дәптерге түсірдім. Әлгі әлі сиясы кеппеген өлеңімді бұрынғы жазғандармен бірге газет, журналдардың біріне жолдаймын деп жүргенімде арада бір айдай уақыт өтіп кетті. Осыдан бір апта бұрын мектептен келген соң, әдеттегідей жаңадан келген газеттерді парақтап отырсам, «Қазақ әдебиеті» газетінде белгілі ақынның (кім екені анық есімде қалмапты, ұмытпасам Шона Смаханұлы болса керек. С.О.) бірнеше өлеңі жарияланыпты. Арасындағы бір өлеңнің тақырыбы көзіме оттай басылды. Оқып көрдім. Сөйтсем менің әлгі түсімде жазған өз өлеңімнің тап өзі. Өз көзіме өзім сенбей екі өлеңді салыстырып, қайта-қайта оқып көрдім. Әр сөзі мен шумақтарын айтпағанда, үтірі мен нүктесіне дейін бірдей. Осындай да ғажап болады екен. Егер мен әлгі ақынның жарық көрген өлеңін көріп, оқымай, газет-журналдардың біріне жолдап жіберсем, нағыз ұрлықшының өзі болып шыға келер едім. Мұның өзім жазған өлең екендігіне, қандай жағдайды бастан өткергеніме кім сенер дейсің? Көне, сен де екі өлеңді салыстырып оқып көрші, не дейсің?! – деп газет пен өз қолжазбасын қолыма ұстатты. Екі өлеңді салыстырып оқып көрген соң, менің де таңданбасқа шарам қалмады.

Сұлтекеңмен жолыққанымда кейде біздің Зағамбар ауылында ұстаздық еткен жылдары сабақ берген шәкірттерінің аты-жөндерін еске түсіріп, хал-жағдайларын сұрап тұратын. Бұл нағыз ұстаздың өз шәкірттеріне деген кіршіксіз сүйіспеншілігін аңғартса керек.

Сұлтанқұл ағамыз мектепте ұстаздық етіп жүрген жылдары өз шәкірттері арасынан бойында дарыны бар деген бірнеше оқушысын суырып салма ақындыққа тәрбиелеп, аудандық, облыстық суырып салма ақындар сайысына қатыстырды. Араларында Омархан Сұлтанбеков, Ерғали Мұхамеджанов дегендей, нағыз жүйрік болатындары жыр сүйер қауымның назарына шалынып қалған. Өкінішке орай кейіннен олардың бабы көліспеді ме, әлде Сұлтанқұл ағайларындай қамшылар бапкері табылмады ма, кім білсін, жыр сайыстарына қатыспайтын болды.

«Төлеби туының» ең белсенді авторларының бірі – Сұлтанқұл Сәметов ағамыздың өмірден өткеніне талай жылдың жүзі болыпты. Қоғалыға, Ұзынарыққа жолым түскен сайын ағамыздың жарқын жүзі көз алдыма елестейді. Ол білімді, білікті ұстаз ғана емес, жүрегін жыр менен ән тербеткен, он саусағына өнер қонған, нағыз талант иесінің өзі болатын.

О.СҮТТІБАЕВ.

Қазақстан Республикасындағы сайлау жүйесі – бұл елдің саяси өмірінің маңызды бөлігі, оның демократиялық дамуы мен азаматтық қоғамның құрылуына ықпал етеді. Қазақстандағы сайлау жүйесі 1995 жылы Конституция қабылданғаннан кейін қалыптасты және бірнеше рет өзгерістерге ұшырады. Сайлау жүйесі мен оның қағидалары елдің саяси жүйесіне, мемлекеттік құрылымына, сондай-ақ азаматтардың құқықтары мен міндеттеріне негізделген.

Сайлау жүйесі және сайлау комиссияларының науқандағы өкілеттіктері

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі №2464 Конституциялық заңы Қазақстан Республикасының Президентін, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының және Мәжілісінің, мәслихаттардың депутаттарын, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін және өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлауға дайындық және оны өткізу кезінде, сондай-ақ бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланған Парламент Мәжілісі мен мәслихаттардың депутаттарын кері шақырып алу кезінде туындайтын қатынастарды реттейді және Республика азаматтарының ерік білдіру бостандығын қамтамасыз ететін кепілдіктерді белгілейді

ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ:

Республиканың аумағында сайлау туралы заңдардың атқарылуына бақылауды жүзеге асырады; олардың бірыңғай қолданылуын қамтамасыз етеді; өзінің құзыреті шегінде бүкіл Республика аумағында міндетті шешімдер қабылдайды және т.б.

ОБЛЫСТЫҚ / АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫ:

сайлауды әзірлеу мен өткізуді қамтамасыз етеді; саяси партиялардың сенім білдірген адамдарын тіркейді, оларға тиісті куәліктер береді; төмен тұрған аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссияларының қызметіне басшылық жасайды; сайлаушылар және сайлау учаскелерінің шекаралары туралы мәліметтердің өзектілігі мен анықтығын, дауыс беруге арналған сайлаушылар тізімдерінің уақтылы әрі дұрыс жасалуын және олардың барша жұрттың танысуы үшін ұсынылуын бақылайды;

тиісті әкімшілік аумақтық бірлікте сайлау учаскелері бойынша дауыс беру нәтижелерін белгілейді;

жарғылық қызметіне сайлауды байқау жөніндегі қызметті жүзеге асыру жататын өңірлік және жергілікті ҚБ мен КЕҰ аккредиттеуді жүзеге асырады;

егер бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша округтердің шекаралары ӨАБ шекараларымен тұспа-тұс келсе, округтік сайлау комиссияларының өкілеттіктерін жүзеге асырады және т.б.

ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫ: бірмандаттық сайлау округтері бойынша Парламент Мәжілісінің және мәслихаттардың депутаттарын сайлауды өткізуді ұйымдастырады;

бірмандаттық сайлау округтері бойынша Парламент Мәжілісінің және мәслихаттардың депутаттарын қайта сайлауды және шығып қалғандардың орнына сайлау өткізеді;

бірмандаттық сайлау округтері бойынша Парламент Мәжілісінің және мәслихаттардың депутаттарын сайлау бойынша дауыс беруге арналған бюллетеннің мәтінін белгілейді;

бірмандаттық сайлау округтері бойынша Парламент Мәжілісінің және мәслихаттардың депутаттығына кандидаттарды, олардың сенім білдірген адамдарын тіркейді, оларға тиісті куәліктер береді, кандидаттарды тіркеу туралы хабарламаларды БАҚ-та жариялайды;

учаскелік сайлау комиссияларына дауыс беру нәтижелері туралы хаттамалар алады;

жоғары тұрған сайлау комиссиясынан

сайлау округі бойынша дауыс беру нәтижелерін беруді қамтамасыз етеді және т.б.

УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫ:

сайлау учаскесінде сайлау шараларын жүргізеді;

учаскелік комиссиясының орналасқан жері туралы сайлаушыларды хабарландырады;

тиісті сайлау учаскесінде сайлаушылардың тізімін нақтылайды, азаматтарды сайлаушылардың тізімімен таныстырады;

Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың сайлау құқықтарын іске асыру бойынша қажетті шаралар қабылдайды;

сайлаушыларды дауыс беру күні, уақыты және орны туралы хабарландырады;

дауыс беруге арналған үй-жай дайындайды, кабиналар мен жөшіктердің болуын қамтамасыз етеді, сайлау күні сайлау учаскесінде дауыс берілуін ұйымдастырады;

дауыс санауды жүргізеді және учаскедегі дауыс беру нәтижелерін анықтайды;

дауыс беруді әзірлеу мен ұйымдастыру мәселелері жөніндегі арыздар мен шағымдарды қарайды және солар бойынша шешімдер қабылдайды және т.б.

Қазіргі күнде Төлеби аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 7 мүшесі, 69 сайлау учаскесінде 425 мүше, 18 аудандық мәслихат депутаттарын сайлау бойынша бірмандаттық округтік сайлау комиссиясында 90 мүше, облыстық округтік 2 комиссияда 10 мүше, барлығы сайлау комиссиясының 532 мүшелері бар.

Сайлаушылар саны 69 889 адам.

2024 жылы аудан көлемінде өткізілген сайлаулар бойынша: 1) 11.02.2024 ж. Жоғарғы Ақсу а/о, 2) 05.05.2024 ж. Қаратөбе а/о, 3) 17.11.2024 ж. Қоғалы ауылдық округінің әкімдері сайланды. Өз өтінішіне байланысты өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған №18 сайлау округі бойынша 31.03.2024 жылы Төлеби аудандық мәслихаты депутатының сайлауы өтті.

Мерзімі аяқталған ауылдық округ әкімдерін сайлау заңға сәйкес өткізіліп тұрады.

Өткен жылы облыстық және аудандық аумақтық сайлау комиссияларының ұйымдастыруымен комиссия мүшелерінің біліктілік деңгейін арттыру мақсатында электоральды каскадты әдісімен 13 семинар-кеңес өткізілді.

Қазақстан Республикасындағы сайлау жүйесі кезең-кезеңімен дамып, заман талабына сай өзгерістерге ұшырап отырады. Ол демократиялық үдерістерді нығайтуға, саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге және қоғамның барлық мүшелеріне өз құқықтарын жүзеге асыру мүмкіндіктерін ұсынуға бағытталған.

Е.ТЛЕУБЕРДИЕВ,
Төлеби аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы.

● **Міржақып Дулатұлының туғанына – 140 жыл**

Алыстан Алаш десе аттанамын,
Қазақты қазақ десе мақтанамын.
Болғанда әкем қазақ, шешем қазақ,
Мен неге қазақтықтан сақтанамын...

Міржақып ДУЛАТҰЛЫ.

Алаштың арыс ұлы

Қазақ арасында күні кешеге дейін Алаш арыстарының бірі – Міржақып Дулатұлы туралы әртүрлі алыпқашпа әңгімелер толастамай келді. Торғай даласында патшалық Ресейге қарсы ұлт-азаттық күресте қол бастаған батыр Амангелді Имановтың қаза табуына Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтың қатысы бар дегендей болжам айтылып келді. Дегенмен, шындықтың аты шындық, Амангелді батырдың қазасына Алаштың бұл екі арысының қатысы бар екендігіне ешқандай нақты дәлел табылмаған. Амангелді батыр оққа байланған 1919 жылы А.Байтұрсынов бірнеше қазақ зиялыларымен бірге Ленинмен және Сталинмен кездесу үшін Москвада жүрген. Бұл қанды оқиға болған күні М.Дулатұлы да Торғай қаласында болмаған. Осы қылмыстық іске қатысты М.Дулатұлына қаталдықпен тергеу жұмыстары жүргізілгенімен, нақты дәлел таппаған. Жазушы әрі тарихшы Жұмат Әнесұлы осы қайғылы оқиға туралы мынандай дәлелдер келтіреді:

1919 жылдың көктемінде Амангелдінің түрмеге қамалған хабарын Амантоғай жақта жүріп естіген Кейкі мән жайды білмек болып Торғайға келеді. Бұлар дуан орталығының шетіне іліккенде, қаланың көзге ұрып тұрған тыныштығынан секем алады. Қасында он бес шақты серігі бар Кейкі батыр Совдептің штабына кіргенде (Амангелдінің үйі сонда болған) батырдың жары Балым бұларды жоқтаумен қарсы алады. Жұрт аяғы тыныштанғаннан кейін отырғандардан (үйде қалғандар Амангелдінің жақын туыстары, Бегімбет руынан) сұрас-тырғанда олар Амангелдіні түрмеге қамауға рұхсат беріп, мәмілеге келген Әбдіғаппар Жанбосынұлы мен Амангелдінің ағасы Бектепберген екенін айтады. Сол жерде Кейкі батыр қамшысын жерге ұрып, жұрт көзінше Әбдіғаппар мен Бектепбергеннен Амангелді үшін кек алуға серт береді. Бектепберген Амангелді қаза болған күні өзеннің арғы бетіне өтіп, оңтүстікке бет алыпты. Кейкі мерген кезінде аңшы болған, із кесіп Бектепбергенді Аралдың маңынан тауып, сол жерде атып кетіпті. Содан серт бойынша Әбдіғаппарды іздеп, оның ауылына келгенде, мергеннің өзін іздеп жүргенін естіген хан ізін суытып үлгеріпті. Ырымшыл Кейкі «ажалың менен емес екен» деп Әбдіғаппарды іздеуді доғарып, Ұлытау жақты паналап кетеді...

...Торғайда А.Имановтың өліміне қатысты тексеру комиссиясы құрылып, оның төрағалығына Әліби Жангелдин тағайындалады...

...Әбдіғаппардың ауылына алты-жеті солдат пен өкіл келіп «Сізді Торғайға алып кетеміз» дейді. Әбдіғаппар «Енді бұл сапардан оралмаспын» деп үй ішімен қоштасып солдаттарға ілесіп, жолға шығады. Жол ортасында әскерилерден бесін намазын оқуға рұхсат сұрайды. Әбдіғаппарды сол намазын оқып отырған жерінде әскерилердің шендісі нағанмен атып өлтіреді.

Міне осындай нақты айғақтардан соң Міржақып Дулатұлына жабылған жала негізсіз екені анықталып, талай жылдардан кейін барып, өзге Алаштың ардақты ұлдары сияқты ақталады.

Үстіміздегі жылы туғанына 140 жыл толып отырған Міржақып Дулатовтың өмір дерегіне азырақ үңіліп көрелік.

Міржақып Дулатұлы Торғай (қазіргі Қостанай) облысының Жанкелді ауданының Қызылбел ауылында дүниеге келген. Әкесі Дулат ауыл аймағына аты шыққан шебер кісі болған. Ер тұрман жасап, тіпті мәсіге дейін тіккен. Анасы Демеш ойын-тойдың базары болған әнші екен. Әкесі бала Міржақыпты жастай оқуға береді. Бала Міржақып алғашында ауыл молдасынан хат таниды. Екі жыл оқығаннан кейін 1897-1902 жылы ауыл мектебінде орысша оқытатын Мұқан деген мұғалімнен дәріс алады. Мұқан мұғалім оған орыс тілін оқытумен қатар, дүниетанымын кеңейте түсуге көп көмек береді. Бұл қазақтың

тұңғыш ағартушысы Ыбырай Алтынсарин негізін қалаған мектеп, Міржақып сол мектептің түлегі болатын.

Анасынан 2 жасында, әкесінен 12 жасында айырылған Міржақып ағасы Асқардың қолында тәрбиеленген. Одан әрі білімін өз ізденісімен жетілдіреді. Ауылда бала оқытады. Өз бетінше талпынып, орыс тілін меңгереді.

1904 жылы Омбы қаласына келіп, Ахмет Байтұрсыновпен кездеседі. 1905 жылы Ахмет Байтұрсыновпен бірге Қарқаралыдағы саяси-бұқаралық жұмыстарға белсене араласып кетеді. 1906 жылы Петербургке аттанып, білімін одан әрі жетілдіре түсіп, заманындағы озық ойлы орыс зялыларымен диалогтасып, саяси күреске шыңдала түседі.

1907 жылы Петербургте жарық көретін «Серке» газетінде «Жастарға» өлеңі, «Біздің мақсатымыз» деген мақаласы бүркеншік атпен жарық көреді. Осы өлеңі мен мақаласына қатысты патша үкіметі соңына түскенімен, оның авторы Міржақып екенін дәлелдей алмайды. Петербургтен елге оралғаннан кейін 1911 жылы Семейде «Жұмбақ» деген өлеңі үшін қамауға алынады. Түрмеден шыққан соң 1913 жылы «Қазақ» газетін шығаруға атсалысады.

Ресейдегі қазан төңкерісінен кейін қазақ халқының болашағын ойлаған Алаштың ардақты ұлдарының жанынан табылады. 1920 жылы Ташкентте жарық көрген «Ақ жол» газетінде қызмет атқарады. 1922 жылы жазықсыз болса да қамауға алынады. Түрмеден шыққан соң 1922 жылы Орынбордағы ағарту институтында оқытушы қызметін атқарып, студенттерге дәріс береді.

Міржақып Дулатұлына 1928 жылы сол жылдардағы қазақтың бір топ зиялы қауым өкілдерімен бірге сырттай жала жабылып, қамауға алынады, итжеккенге айдалады, 1935 жылы тұтқында – түрмеде жатып мәңгілікке бақилық болады. Алаш ардақтысының қандай жағдайда, қалай қайтыс болғандығы жөнінде бүгінге дейін нақты дерек ұшыраспайды.

Міржақып Дулатұлы өз заманындағы көкірек көзі ояу, ой-санасы жетілген қазақтың ең алғашқы ағартушыларының бірі болғанын білесіздер. Алаштың ардақты ұлының өлеңдерін оқи отырып, заманында оның халқын қаншалықты сүйгеніне көз жеткізе түсесіз. Ол «Мұң» деген өлеңінде былайша толғанады:

Ғазиз басым құтыла алмай жаладан,
Жаудың қолы босамай тұр жағадан.
Жүректі жаншып, жанға түскен ауыр тас,
Ашу тасып, тамырды қуып тараған.
«Қара құлақ қасқырдың шамы» дегендей,
«Мынау солай» дегенге оғын қадаған.
Лаж бар ма болған заман осылай,
Шақ болып тұр сұңқарды құзғын талаған... – дейді.

Ал енді«Жұт» деген өлеңінде:
Кетер ме екен көпке дейін Доңыз естен,
Былырғы қатты боран қыстай ескен.
Жетпіс пен сексендегі қариялар,
«Көрмедік сұрапылды мұндай» дескен,
Үскірік аяз боран, араласқан,
Екі үйдің арасында жан адасқан.
Қабағын түйіп келген қаһарлы жұт,
Салды ойнақ сахараға уытын шашқан...
Міржақып атамыз табиғаттың мұндай тосын мінездерін өлеңіне арқау еткенімен, өкпе артпайды, қазақты жұтататын, жұтып жіберетін жұтты ауа райының қолайсыздығы емес, қолдан жасалып жатқанын аңғартады.

«Алашқа» деген өлеңінде:
Көк майса бетегелі жерің қайда,
Күмістей толқынданған көлің қайда?
Ың-жың боп жер қайысқан төрт түлікпен,
Жөңкіліп, көшіп қонған елің қайда?
Қонған қоныс, бидай өңді ханым қайда? – деп мұңдана түседі.

Биыл туғанына 140 жыл толатын алты Алаштың ардақты ұлдарының бірі – Міржақып Дулатұлы заманында қазақ халқының бақытты болашағы жолында қалай арпалысқанын білгіңіз келсе, дара тұлғаның өмір жолымен қатар, өлеңдерін бір емес, бірнеше рет қайталап оқып көріңіз.

О.ЗАҒАМБАР.

«Құрмет» орденімен марапатталды

Аналар мерекесі қарсаңында білім беру саласының ардагері, Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері, Төлеби ауданының Құрметті азаматы Есенова Гүлбазар Махмудқызы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен мем-

гүл шоқтарын ұсынды.

Қырық жыл ұстаздық еткен Гүлбазар Махмудқызы бүгінде қоғамдық жұмыстардың бел ортасынан табылып, ылғи да белсенділік танытып, өмірден түйген ойымен, жинаған тәжірибесімен жастармен бөлі-



лекеттік және қоғамдық қызметтегі сіңірген еңбегі, елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін «Құрмет» орденімен марапатталды.

Түркістан қаласында өткен «Әлемнің жарығы – Ана» атты салтанатты жиында облыс әкімі Нұралхан Көшеров ең жарқын мерекелердің бірі – Аналар мерекесімен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Осы салтанатты жиында облыс әкімі Гүлбазар Махмудқызының өңіріне «Құрмет» орденін тағып,

суден, оларға ұлттық тәрбие, салт-сананы сіңіруден жалықпайды. Жас ұрпақты жаңа-қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру мақсатында аудандағы білім ордаларымен тығыз байланыс орнатып, түрлі іс-шаралар ұйымдастырып тұрады.

Қашанда мәдениетті, кішіпейіл, сыпайы қалпынан айнымайтын Гүлбазар әжей – өзінің сөз саптауымен, жүріс-тұрысымен, мінез-құлқымен үлкен-кішіге үлгі болатын тұлға.

«ТӨЛЕБИ-АҚПАРАТ».

● **Оймақтай ой**

Нені үлгі етіп жүрміз?

Өмірде әр адам өз отбасында алған тәрбиесіне, өскен, қоршаған ортасына, біліміне, ой мен санасына, көкірек көзінің ашықтығына байланысты көргенін, оқығанын, естігенін өзінше қабылдайды. Жалпы, адамдардың, әсіресе балалар мен жастардың көпшілігі жақсы дағдыларға қарағанда, жаман әдеттерге үйірсек әрі тез қабылдағыш келеді.

Соңғы жылдары қазақтың ес білген баласынан бастап, еңкіш тартқан қарияларына дейін әлеуметтік желілерге, телеарналардан соңы жоқ көп сериялы фильмдерді көруге тым үйірсек болып кетті. Өрине бұған шек қойғымыз келмейді. Өйткені бір орнында тоқтап қалмайтын өмір алға жылжып, техника мен технология өрістей береді.

Қазақ телеарналарын көрістің, қытайдың, түріктің, үндіқытайдың, Европа мен Америка елдерінің фильмдері жаулап алды десек те болады. Қазақтың үлкен-кішісінің бәрі олардың фильмдеріне әбден өлтіп, есі кеткендігі соншалықты, өрістен сиыры келіп бұзауы еміп жатса да, үйіне ұры түссе де аңғармайтын болған.

Абай атамыздың «Өннің де естісі бар, есері бар...» дегеніндей, бұл шетелдік фильмдердің де «естісі мен есері» барын мүлдем ұмытып кеткендейміз. Байқап жүрсеңіздер, корей, жапон фильмдерінің жас кейіпкерлері мәдениеттірек болғанымен, ұлы да қызы да ішімдікке әуестеу келетіні байқалады. Үндіқытай фильмдерінде де айтарлықтай тым шектен шығушылық байқалмайды. Европалықтар мен америкалықтар атыс-шабысқа, фантастикаға, эротикаға келгенде алдарына жан салмайды. Олардың эротикалық фильмдерін бір үйдегі атасы мен әжесі, әкесі мен шешесі, ұлы мен қызы беттері қызармай қатар отырып көре беретіндей жағдайға жеткенбіз.

Түбіміз бір, Оғыз бабаның бүгінгі ұрпақтары, мұсылмандық бес парызын бірінші кезекке қоятын түрік ағайындар түсірген фильмдер туралы не айтуға болады? Қазақта: «Біреудің қаңсығы, біреу таңсық» деген сөз бар. Сол айтқандай, түріктің фильмдерінде бірінің қатынына екіншісі ғашық болып, бір туған бауырлардың ұлы да, қызы да, келіндері де бір-бірімен жауласып, у беріп, оққа байлап, алдап, арбап, алаяқтық жасап, исламға, имандылыққа мүлдем жат әрекеттерге дейін барып жатады. Тіпті көпірлердің өзі бара бермейтін сұрқиялықтар жасап, күнәларға батады. Сонда біз телеарналарымыз арқылы кімдерді үлгі етіп, үгіттеп, насихаттап жүрміз? Өз басым осындайларды түсіне алар емеспін.

С.ОРЫНБАСАР.

Самал ЕСЛЯМОВА: Скрипка сазы өмірімді өзгертті

Сырттай зерделесең де, жүрек қылын қозғап әңгімеге тарта кетсең де қазақы биязылығынан танбайтын нәзік актриса экран мен сахна кеңістігіндегі ішкі психологиялық текетіресте адам танымастай өзгеріп шыға келеді. Өнер оған өзгеше өткірлік сыйлайтындай. Ал былайғы өмірде бұйығы, ұяң, тіпті ұялшақ десең де болады. Сонысына қарамастан сан алуан бейненің сәнін кіргізіп, нағыз кәсіби деңгейде нақышына келтіре кейіптеп жүр. Ол талантын басқа емес, кино өнерінің олимпі саналатын 71-ші Канн кинофестивалінде топ жарып, «Ең үздік актриса» атануымен келісті кестеледі. «Айка» фильміндегі рөлі оның есімі жер-жаһанға мәшһүр етті. Ал кино әлемінің ең беделді атағына ие болған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Самал Еслямова әлі де сол қарапайымдылығынан танбаған, өнер туралы ойларын толғана, толқи отырып әңгімеледі.



Актриса айтады: – Өнер жолына түсіп, актриса атануым – тағдырдың маған бұйыртқан төндессіз тартуы. Себебі әртис боламын деген ой үш ұйықтасам да санама кіріп шықпаған екен, сенесіз бе, тіпті бұл салаға қызықпаппын да. Бала күнімнен армандап, көңіл түкпірінде қастерлеген ең ізгі тілегім – журналист болу еді. Бірақ дәл оқуға тапсырған жылы балым жетпей қалып, журналистика мамандығына түсе алмадым. Оған әкем іштей қуанған сияқты. Журналист болуыма қарсылық танытпағанымен, түпкі ойы менің өнер адамы болғанымды қаласа керек. Әкем кезінде әнді өте жақсы айтқан екен. Әкем де өнерден құр алақан емес, домбыраның құлағында ойнайды. Тіпті кезінде өнер жолын таңдағысы келіпті. Бірақ ағасы ауырып, іле әжеміз қайтыс болып, кәсіби білім алуға мүмкіндігі болмай, домбыраны өз бетімше үйренген. Өзі жетпеген жетістікті балаларының бағындырғанын қалаған шығар, біздің өнер саласына баруымызға еш қарсы болмады. Керісінше үнемі қолдап, қолпаштап отырды. Мәселен, туған әпкем – кәсіби сырнайшы. Ал менің актриса болуым аяқастынан шешілген сәттілік десем болады. Оқуға түсе алмай әкеміз екеуміз көше бойлап келе жатыр едік, кенет ғимараттың ашық тұрған терезесінен сызылта шыққан скрипканың үні еріксіз елең еткізді. Әсем әуенге елітіп ұзактау тұрып қалсам керек, әкем «Ішіне кіріп көресің бе?» деп сұрады. Имене басып ғимаратты бетке алдық. Бұл – Петропавл қаласындағы Өнер колледжі еді. Оқу туралы ақпарат сұрастырып көріп едік, құжат қабылдау әлдеқашан аяқталып кеткен екен. Тек Солтүстік Қазақстан облыстық театры жанынан ашылған «Эксперименттік театр актері» курсының емтиханы ғана қалғандығын, оның өзі ертең аяқталатындығын айтты. Мұны естіген әкемнің көзі оттай жанып: «Бағынды сынап көр, қызым» деп жігерлендірді. Мен болсам, ертеңгі емтиханға үлгермейтінімді сылтауратып әкемді айнытуға тырыстым. Шынымды айтайын, өзімді әртис ретінде тіпті елестете де алған жоқпын. Актрисалардың бойы ұзын, тал бойында бір міні болмайтындай көрінетін. Оған қоса олар тек Мәскеу мен Алматыда оқып, даярлануы керектей сезілетін. Бірақ олай емес екен. Содан не керек, ұзақ созбақтауға уақыт болмады, әкемнің де тілегін жерге тастағым келмей, актер мамандығын оқытатын курсқа құжат тапсырдым. Ойламаған жерден Өнер колледжінің студенті атандым. Осылайша, скрипка сазы өмірімді өзгертті.

Мен ойладым: Әке тілегі қабыл болып, өнердің өз ортасына топ ете қалған бойжеткен бойындағы таланты мен алғырлығының арқасында ортасында тез мойындалды. Камера сүйетін сүйкімді жүзі мен қараған жанды бейжай қалдырмайтын ол өткір көзқарас алыстағы Алматыда жүрген режиссер Сергей Дворцовойдың көңіліне де қозғау салды. Сезімтал суреткердің ішкі түйсігі түсіргелі жүрген жаңа туындысына басты кейіпкерді тапқанын бірден түсінді. Көп ойланбастан қияндағы Қызылжарға шақыру жіберіп те үлгерді. Тосыннан соғылған қоңырауды көтеріп, тұтқаның арғы жағынан естілген ұсынысқа қапелімде не дерін білмей абдырап-ақ қалғаныммен, болашақ актрисаға әлдеқандай түсініксіз күш рух бергендей: «Алматыға барамын!» деп сенімді үн қатты. Осылайша, ертеңінде Алатаудың бауырына табан тигізген Самал фильм іріктеуіне қатысып, кастингтен сүрінбей өтті. «Қызғалдақ» («Тюльпан») фильмінің басты рөліне бекітілгеніне тіпті өзі де сене алмаған дәл сол сәтте. Бірақ режиссердің: «Сенің қолыңнан бөрі келеді. Мен саған сенемін» деген бір-ақ ауыз сөзі сеніміне қанат байлағандай еді. Алайда ол осы шешімінің араға бірнеше жыл салып өмірін түбегейлі өзгертетінін, ал өзінің тіпті армандап та көрмеген даңқ биігіне шығатынын сезбеген де еді.

Актриса айтады: – Өмір деген қызық қой, оның пендесіне ұсынар тосынсыйы да таусылмайды екен. Әйтпесе, дәл сол сәтте сызыла ойнаған скрипканың

сан сауалдың да маза бермегенін олардың жанарынан сездім. Басында сол үшін де қиналғанымды жасырмаймын. Алайда режиссердің маған артқан сенімі бәрін де жеңіп шықты. Осылайша, кино әлеміндегі дебютім «Қызғалдаққа» бекітілдім. Кейін картина Канн кинофестивалінің «Ерекше көзқарас» аталымы бойынша бас жүлдесін жеңіп алды.

Шынтуайтына келгенде, ел ойлағандай ауыл тірлігіне соншалықты ебедейсіз емес едім. Рас, Солтүстік Қазақстан облысын елдің бөрі орыстанып кеткен өңір деп қарайтын жалпы түсінік қалыптасқан. Мүмкін ол қалалық жерлерге немесе облыс орталығына қатысты айтылған шығар. Бірақ мен Солтүстік Қазақстан облысы, Аққайың ауданының Аралағаш дейтін аядай ғана қазақы ауылында туып-өстім. Ата-анам да таза ұлттық таным, тәрбиедегі адамдар. Сондықтан да біз ақсаусақ болып өскен жоқпыз, керісінше атқа мініп, мал қайырып нағыз қазақы ауылдың рухы мен тыныс-тіршілігін сезіп өскен қызбын. Әкем де ұлы болмаған соң, мені ер балаша тәрбиелеп, даланың тірлігіне икемдеді. Бір сөзбен айтқанда, әкеме қолғанат болдым. Мал бағу, отын дайындау деген жұмыс тікелей менің міндетіме кіретін. Ал әпкем үйдің шаруасына жақын болды. Бала кездегі ошақтың отына қызара піскен қара қазандағы бауырсақтың дәмін айтсаңызшы! Оның бөрі – өмірімнің санадан өшпейтін бөлшегі, ұмытылмайтын аяулы естеліктері. Сол себепті «Қызғалдақ» фильміндегі вайбты мен ел ойлағандай жатырқаған жоқпын. Керісінше, ауылдағы өзім бала кезімде күнделікті істеп келген үйреншікті өмір қалыбындай қабылдадым.

Мен ойладым: «Қызғалдақ» фильмімен басталған шығармашылық тандем режиссер мен актрисаны және бір жаңа картинаның түсірілім алаңында қайта қауыштырды. Ол – қазақтың қарлығаштай қарагөз қызын әйгілі Канн кинофестивалінің төріне алып шығып, атағын жер жүзін жайып, бір-ақ сәтте жұлдыз атандырған «Айка» фильмі болатын. Сергей Дворцовойдың көрегендігі сол, әлі ешбір жерде өзін дәлелдеп, талантын танытып көрмеген, өнердегі өмірбаяны ақ парақтай актрисаның бойынан тасада жасырынған дарынын дер кезінде көре біліп, оның бар мүмкіндігінің түсірілім алаңында жан-жақты ашылуына жағдай жасауы дер едік. Оны режиссердің өзі де бізге ертеректе берген сұхбаттарының бірінде ағынан ақтарыла айтып берген болатын: «Актерге туа бітті таланттан бөлек, мінез де қажет. Самалдың бойында қолға алған ісін соңына жеткізбей тынбайтын қайсар да өжет мінез бар. Сырттай өте нәзік көрінгенімен, ішкі қуаты мықты. Ол жарқ-жұрқты басты планға шығарған мллюстратор емес, Самал – сезімнің актрисасы», деп баға бергені әлі есімізде. Ол шынымен солай. Себебі Самалдың бойында тазалығы мен шынайылығынан бөлек, айналасындағы құбылыстың барлығын көңіл көзімен көре алатын айрықша сезімталдығы бар. Бұл – әсіресе кино актрисасы үшін таптырмас қасиет.

Актриса айтады: – Мен ешқашан танымал боламын деп ойлаған жоқпын. Алдыма ондай мақсат та қойған емеспін. Мен үшін қашан да ойнаған рөлімнің саны емес, сапасы бірінші орында тұрды. Оқуға түскен сәттен-ақ Самал есімімді көрермен есінде қалдыратындай бір жақсы кино түсірілсе, содан басты рөл бұйырса екен деп армандадым, Алла тағала ол тілегімді «Айка» фильмінде орындады ғой деп ойлаймын. «Айкада» маған режиссер 99,5 пайыз ірі планда экраннан көрінуіме, бойымдағы бар мүмкіндігім мен қабілетімді сынап көруге жағдай жасады. Ең бастысы, маған сөнді. Мұндай рөл кез келген актрисаға арман ғой деп ойлаймын. Режиссер қолыма сценарийді бергенде мені ең бірінші «Айканың» тақырыбы, идеясы қызықтырды. Әрине, ауыр рөл екенін сездім. Алып шығу оңайға түспейтінін де білдім. Алайда мені ана мен бала арасындағы байланыс деген тылсым әлем қызықтырып, тәуекел етпесіме қоймады. Басында «Мұндай күрделі бейнені кемеліне келтіре кейіптеу қолымнан келе қояр

ма екен?», «Кейіпкердің тауқыметке толы тағдырын өз деңгейінде аша аламын ба?», «Режиссер қойған үдеден шығу үшін не істеуім керек?» деген санадағы сан сауалдың іштей біраз сандалтқаны да бар. Режиссердің ұсынысынан бас тартпақ болған сәттерім де болды. Шынымен де оңай болмады. Айканың алты күндік ауыр тағдырын шынайы көрсету үшін үзіліссіз алты қыс түсірілім алаңында тер төктік. Режиссер фильмнің әр деталін жіті ойластырды. Өзіңіз де білетіндей, картина Ресейде таспаланды ғой. Түсірілім жұмысы ұзақ әрі қиын жолдан өтті. Табиғаттың әр құбылысына сай эпизодтарымыздың көркемдігі мен шынайы шығуына мән бере отырып жұмыс істедік. Қар жауғанын күтіп, әр кадрдың барынша нанымды, өмірдің өзімен үндес болуы үшін жанымызды да, барымызды да салдық. Тіпті кей жылдары Мәскеуде қар жаумай қойған да кездер болды. Ондай сәт еріксіз жұмысымызды тоқтатты. Ал аяз сықырлап, қар жауған кездегі жұмыстың қиындығын тек сол жерде жүрген түсірілім тобы жақсы біледі. Қар аралас жаңбырда, боранда түсірілім жасадық. Тону, аяқтан су өту секілді қиындықтарға төзу ғана емес, актерлік ойынды да өз деңгейінде алып шығу керек болды. Оның үстіне, фильмнің жанры да ауыр. Осы қиындықтың барлығын еңсере жүріп кесек бейне тудыру, әрине, жеңіл болды деп айта алмаймын. Сондықтан да өзімді психологиялық тұрғыдан тиянақты түрде дайындадым. Ана атанған апаларыммен көп кеңестім. Перзентхана жағалап, тастанды балалардың тағдырын зерттедім. Фильмдегі ең ауыр сәт – перзентханадан қашып шыққан сәт. Баланың да, ананың да тағдыры қыл үстінде тұр. «Мұндай сәтте Айка емес, мен не істер едім?», «Тауқыметке түскен тағдырларды тығырықтан алып шығар жол бар ма?» деп өз-өзіме сұрақ қойдым, ойландым. Осының бәрін түйсіну, актриса ретінде алып шығу қазір айтуға ғана оңай. Бірақ ішкі түйсігім «Айканың» ғажап картина болатынына, әлемнің небір мықты киногерлері пікір білдіретін туынды боларына сенімді болдым. Тіпті додаға түскеннен-ақ мен фильмнің үздіктер қатарынан көрінетініне сендім. Алайда оның ішінде өзім дараланып шығамын деген ой болған емес. Әйткені Канн фестивалінде фильмдер тек бір аталым бойынша ғана марапатталады. Сахнадан мені фестивальдің үздік актрисасы деп хабарлағанда жылап жібердім. Ол ең әуелі қуаныштың көз жасы болса да, екіншіден, «жүлдені жалғыз мен емес, тұтас фильм алу керек еді ғой» деген ішкі өкініштің де көз жасы болатын. Бірақ сарапшылар солай шешкен екен.

Мен ойладым: Сенім алдаматпы. Түсірілім жұмысы қандай ауыр жолдан өтсе, фильмнің жарыққа шыққан сәтінен бастап ол еңбек шығармашылық топты жарқын жеңіске бастады. Оның ең әуелгісі хәм бастысы – әлем киногерлері көз тіккен әйгілі Канн кинофестивалі еді. Қазақ қыздарының ішінен ең алғашқы болып суырылып шығып, көрі құрлықтың ең беделді фестивальде мойындалуы, әлбетте, Самалдың атағын бір-ақ сәтте жаһанға мәшһүр еткен жұлдызды сәт болды. Иә, кейіпкер – қиялдың жемісі. Ал сол кейіпкерінің болмысы мен тауқыметті тағдырын миллиондаған, тіпті миллиардтаған көрерменге шынайы жеткізе білу – актрисаның шеберлігі хәм бақыты.

Актриса айтады: – Бір байқағаным, маған режиссерлер тарапынан көбінесе тек бір амплуадағы, яғни аналардың рөлі ұсынылады екен. Ол сонау Қызылжардың Өнер колледжінде оқып жүргендегі «Қызғалдақ» фильміндегі рөлімнен бастап Айкаға дейін жалғасты. Ал Канн кинофестивалінен кейін отандық режиссерлерден келіп түскен толассыз ұсыныстардың дені де негізінен аналар бейнесі екен. Олардың бірнешеуінде ойнап та үлгердім. Десе де актриса болғаннан кейін өзімді, мүмкіндігімді басқа да түрлі характердегі бейнелерде сынап, байқап көргім келеді. Ол актрисаның өсуі, дамуы үшін аса маңызды деп ойлаймын. Мәселен, маған жиі қойылатын сұрақтардың бірі: «Өзіңіздің өзiрге балаңыз жоқ, бұл фильмдегі аналар бейнесін сомдауда қандай да бір қиындық тудырды ма?» деген сауал. Қиын екені рас. Бірақ екінші жағынан оның ұтымды тұстарын да көруге болатындай. Мысалы, егер мен Айканы ойнаған сәтке дейін ана атанған, перзент сүйген болсам, мүмкін кейіпкерімді дәл бұлай шығара алмас па едім деп те ойлаймын кейде. Әйткені ана бақытын сезініп, балаға деген махаббатты басынан өткерген адам шаранасын перзентханаға тастап кете алмас еді. Кино болған соң тастап кетерсің-ау, бірақ қимастық сезімі бөрібір ойынымың астарынан аңғарылып қалуы мүмкін еді. Себебі ана жүрегін алдау мүмкін емес. Осы жағынан келгенде маған бұл жағдай керісінше ұтымды болды. Мұны мен кәсіби көзқарас тұрғысынан айтып отырмын. Әйтпесе, Айканың ішкі көңіл күйін беру қандай актрисаға да оңай емес. Өзім үшін әсіресе перзентті өмірге әкеле салғаннан кейін ананың сыртқы хәм ішкі күйзелісін беру, қақаған аяздағы оның тіршілікпен арпалысы, қалжыраған, әбден шаршаған күйін кейіптеу, солай бола тұра рөліңді нанымды жеткізу үшін іштей мықты болу тепе-теңдігін ұстау жеңіл болған жоқ. Бірақ сол контраст, қарама-қайшылығымен де «Айка» мені кәсіби тұрғыда шыңдады

Шәкірт жүрегіне жол тапқан

ғой деп ойлаймын. Қалай дегенде де бұл фильм шығармашылығымдағы тың тәжірибе болғаны сөзсіз. Әлі есімде, түсірілім жұмысы аяқталған соң режиссерден: «Сергей мырза, мен актриса ретінде сіз артқан сенімнен шыға алдым ба, ойыныма көңіліңіз толды ма, тек шыныңызды айтыңызшы?» деп сұрадым. Сондағы Сергейдің «Иә» деген жалғыз ауыз жауабы мен үшін бүгінгі бағындырған барлық марапаттан да қымбат болатын. Өйткені ол ең әуелі менің актриса ретіндегі өз-өзіме мойындалуым еді.

Мен ойладым: Бір таңғаларлығы — қаншама даңқ биігінде жүрсе де, Самалдың сол баяғы қарапайым, биязы қалпын бір жоғалтпайтындығы. 22 жасынан бастап ұзақ жыл Мәскеу қаласын тұрақ етсе де туған елі мен ана тіліне, ұлттық құндылықтарға деген құрметін жоғалтпауы, қазақ тілінде тап-таза сөйлеп, ойын еркін жеткізе алуы да бізді ерекше толқытты. Тіпті қойған сауалдарымыздың өзіне байыппен, имене отырып жауап беруінің өзі актрисаның өз-өзіне қоятын талабы мен талғамының аса жоғары екендігін аңғартса керек. Әлі есімізде, Самалдан Канн кинофестивалінен жүлделі оралған соң араға біршама уақыт салып газетімізге сұхбат беруін өтінгенімізде: «Қарап отырсам, Канн фестивалінде жүлдегер атанған екі жылдан бергі кезеңде бар уақытымды негізінен журналистерге сұхбат беруге арнаппын. Енді осыған сәл үзіліс жасасам деймін. Тілдекісі келген көп журналистің ұсынысынан бас тартып та жүрмін. Ол тіпті де менсінбеушілік емес, дұрыс түсінсеңіздер екен. Мен дәл қазіргі сәтте уақытымның барлығын шығармашылыққа арнап, көрермендерім сүйсіне тамашалайтын өнер тудырғым келеді» деген еді. Сол сәт енді туғандай. Себебі қазір Самал танымал кино актрисасы ғана емес, театр сахнасын да еркін бағындырған шебер өртіске айналды. Астана қаласы Музыкалық жас көрермендер театрындағы жемісті шығармашылық қызметі соның айқын айғағы. Кейінгі уақытта тәуелсіз «Шам» театрының репертуарындағы «Конференция» спектаклінде де кесек бейне сомдап, көрерменнің қосағамеіне бөленді. Мұның барлығы, әлбетте, жүйелі білім мен шығармашылық үздіксіз ізденістің жемісі болса керек.

Актриса айтады: — Қызылжардағы Өнер колледжін тәмамдағаннан кейін білім іздеп Мәскеуге қоныс аудардым. Ресейдің театр өнері институтына (ГИТИС) оқуға түсіп, білімімді шыңдадым. Сол жақта жүріп осы «Айка» фильмін таспаладық. Жалпы, мені жолы болған адам деп айтуға болатын шығар. Сонау талапкер күнімдегі құлағыма кездейсоқ шалынған скрипканың сырлы үні мені өнердің үлкен сарайына жетелеген екен. Жолым болып, өнер колледжінің студенті атандым, сәті түсіп Ресейдің театр өнері институтында білімімді шыңдадым. Режиссер Сергей Дворцевоймен жолығуым — ол да бір тағдырдың теңдессіз тартуы. Оны мен әр уақытта қайталаудан жалықпаймын. Рас, Мәскеуге қоныс аударғанда да, оқуға тапсырғанда да түрлі сынақ болды ғой. Соның бір ғана мысалын айтсам, емтихан тапсырғанда Мәскеу оқытушылары: «Сіздің актерлік шеберлігіңізді жоғары бағалап отырмыз. «Сахна тілі» пәнінің оқытушылары қабылдағысы келіп отыр. Бірақ үніңіздің бәсеңдігімен күресу керек» деп өрең қабылдаған болатын. Содан кейін-ақ мен өз-өзіммен үздіксіз жұмыс істей бастадым. Ал енді туған жерге деген сағынышқа келсем, әрине, алыста жүргенде Отаныңды, ауылыңды, ата-анаңды сағынасың ғой. Мен де сағындым. Жалпы, мен Мәскеуге түбегейлі тұрақтап қалу үшін емес, білімімді шыңдау мақсатында кеткен едім. Осы уақыт аралығында азаматтығым да өзгерген жоқ. Қарапайым қазақтың қызы болып қалдым. Қазір енді Астана қаласында Музыкалық жас көрермендер театрында қызмет етемін. Ойнап жүрген біраз рөлім бар. Кино саласын да қатар алып жүру ойда бар. Жақсы, сапалы сценарийлер болса, неге түспеске? Ұтымды ұсыныстың бөріне ашықпын. Сөз басында айтып өткенімдей, менің кино саласындағы өмірбаяным аса бай емес. Қоржынымда санаулы ғана фильм бар. Бірақ оған өкінбеймін. Мағынасыз көп фильмге түскенше, өзімді ел есінде қалатын жалғыз туындымен танытқым келді. «Айка» жарыққа шығып, үздік атанғаннан кейін отандық режиссерлер тарапынан көптеген ұсыныс түсіп жатыр. Оларға сценарийді оқып, саралап алғаннан кейін, таңдап-талғап түскім келеді. Мен үшін мезеттік атақ маңызды емес. Ал қаржылық жағынан келсек, әрине ақша бәрімізге де керек қой. Бірақ өнерге ақша үшін келген жоқпын. Менің мақсатым басқа — экран мен сахнада өлмес өнер тудыру, сол арқылы өзімді дәлелдеу. Ал жұмыстан шаршап, жаңа бір серпіліс алғым келсе, онда үзіліс жасап жіберіп, бірден туған ауылым — Аралағашқа, ата-анамның қасына кетіп қаламын. Ол жақта өткен демалыстың орны да, жөні де бөлек. Жастайымнан жырақта жүргендіктен бе екен, ауылым десе шығарда жаным бөлек. Ол — менің мәңгілік сағынышым. Сол сағыныш үнемі шабыттандырады. Ендігі арманым — туған өліме қызмет ету. Бойымдағы бар өнерімді сарқып беріп, шығармашылық мүмкіндігімді көрермендеріме дәлелдеу. Бұған дейін Мәскеудегі оқуым дедім, одан кейін «Айка» фильмінің түсірілімі деп он жылдан аса Ресейді тұрақ еттім. Енді, міне, түбегейлі елге оралып, біраз жыл болып қалды Музыкалық жас көрермендер театрындағы қызметімді зор махаббат, құлшыныспен атқарып жүрмін. Ендігі мақсат — өнерге адал қызмет ету.

**Әңгімелескен —
Назерке ЖҰМАБАЙ.**

«Egemen Qazaqstan».

Дана Абай айтқан «Дүниенің көрінбеген я көрінген сырын», бес асыл ісіне ғашық болып, бес нәрседен қашық болуды балаға үйретуден жалықпағандар ғана нағыз ұстаз болады. Осындағы «дүниенің көрінбеген сыры» (рухани байлық), «дүниенің көрінген сыры» (материалдық байлық). Ауданымыздағы осындай санаттағы ұстаздардың бірі — Қарлығаш Қарабалаева.

Қарлығаш Қарабалаева 1993 жылы Арыс қаласындағы Ә.Жангелдин атындағы орта мектепті бітіріп, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің филология факультетіне түсіп, оны 1998 жылы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп шығады. Ауданымыздағы Жаңаұйым ауылына келін болып түскен соң, еңбек жолын осындағы мектепте бастауыш сынып мұғалімі болып бастайды. Кейіннен ол Шымкент әлеуметтік-педагогикалық университетінде оқып, бастауыш сынып мұғалімі мамандығы бойынша білім алады. Содан бері Жаңаұйым орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі болып қызмет істеп келеді. Педагогикалық өтілі — 25 жыл.

Қарлығаш бастауыш сынып оқушыларын оқыту барысында ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының: «Бастауыш мектептен үйренген білім әрі қарай оқимын дегендерге негіз болардың жағын кездеу керек. Бастауыш мектеп оқуы артқы оқудың негізі болуға жарасын. Мектептің міндеті — берген баланы ата-ананың үміті мен мемлекеттің мақсатындағы көздеген түрде адам қылып шығару. Қалай үйреткенде бала көздеген түрдегі адам болып шықпақ? Мәселенің қисыны — осы жерінде», — деген әдістемелік ұстанымын басшылыққа алып жұмыс істейді. Оның әдістемелік ұстанымы оқушының оқу және функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған.

Ұстаз сабағында ойын элементтерін пайдаланады. «Кім жылдам?», «Қатені тап», семантикалық карта, суретпен жұмыс, карточкамен жұмыс, т.б. ойын түрлерін жиі қолданады. Мұндай әдіс баланың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттырады.

— Бала ойнау арқылы білімді тез қабылдайды әрі шаршаймайды, әрі жалықпайды, — дейді ұстаз бізбен әңгімесінде.

Сондай-ақ ол сабағында деңгейлеп оқытуға көбірек ден қояды. — Өйткені, — дейді мұғалімі, — балалардың қабілеті әртүрлі. Біреуі білімді тез қабылдайды, екіншісі орташа қабылдаса, үшіншісі баяу қабылдайды. Олардың осындай ерекшеліктеріне сай әр топпен жеке-дара жұмыс жүргіземін. Математика сабағында оқушылардың танымдық қызығушылығы мен ақыл-ой деңгейін арттыруға бағытталған логикалық тапсырмалар беремін. Мұндай оқытудың амал-тәсілдері баланың ойлау қабілетін дамытуға, ойын ашық айтуға, өзін еркін ұстауға, қиялын ұштауға дағдыландырады, — дейді ұстаз.

Бірде сабағына аудандық әдістемелік кабинеттің бастауыш сыныптар жөніндегі әдіскері Анар Әуелбекова қатысады. Сабағын талдай келе:

— Жаңа, тың ізденістерің бар екен. Осы тәжірибең бойынша аудан мұғалімдеріне ашық сабақ өткізсең қайтеді? Басқалардың сенен үйренері көп екен, — дейді пікірін білдіріп.

Қарлығаш сабағын қайта пысықтап, аудан мұғалімдері алдында ашық сабақ өткізеді. Оның жаңа әдістемеге, идеяларға, құралған сабағы қатысушылардан жоғары бағасын алады.

— Тәжірибесі аудан, облыс көлеміне таратылсын, — деп ұсыныс жасайды сабаққа қатысушылар.

Жаңа амал-тәсілдерді сабағында қолдану нәтижесінде оқушылардың үлгерімі де жақсара түсті.

«Өз ісіне деген сүйіспеншілікті оқушыға деген сүйіспеншілікпен ұштастырғанда ғана шын мәніндегі мұғалім болмақ», — дейді ұлы жазушы, педагог Л.Н.Толстой. Қарлығаш Қарабалаева әр сабағына ыждағатпен дайындалып, оны оқушының санасына сүйіспеншілікпен жеткізеді. Жаңа идеялармен толықтырып отырады.

Ұстаз шығармашылық жұмысын әрі қарай дамыта түсті. «1-2-сыныптардағы математика пәнінен деңгейлік тапсырмалар» жинағын құрастырып шығарды. Бұл еңбегі Оңтүстік Қазақстан облысы әдістемелік орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесінде мақұлданып, облыс көлеміне таратылды. Үстіміздегі оқу жылы «1-сынып оқушыларына арналған математика және логика тақырыбына арналған жұмыс дәптерін» жинақ етіп шығарып, оны аудан мұғалімдері алдында қорғап шықты.

Аудан, облыс мұғалімдерінің тамыз мәслихатының педагогикалық секцияларында кәсіби және шығармашылық жұмыстарымен таныстырып, өз тәжірибесімен бөлісті. Сондай-ақ ол Келес ауданы Абай атындағы орта мектеп базасында облыс мұғалімдеріне ашық сабақ өткізді. Өзінің сабақ оқытудағы тәжірибесімен, жаңалығымен таныстырды. Облыстық-тәжірибелік семинарда «Оқу үдерісінде оқушының өз бетінше жұмыс істеу дағдысы, жаңа идеялар мен әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану» тақырыбында озық іс-тәжірибесімен бөлісті.

Ұстаздың дайындаған шәкірттері ауданда, облыста өткізілген түрлі деңгейдегі байқау, жобаларға, жарыстарға қатысып, өз қарым-қабілеттерін көрсетіп, жүлделі орындарға ие болуда. Шәкірттері Тұмар Сайлаухан «Алтын сақа», «Бастау» аудандық байқауларында математикадан жүлдегер атанды. Математикадан өткен ғылыми жобада Зере Убайдулла 1-орынды иеленді және осы оқушылары «Кенгуру» атты математикалық ойын түрлерінен ауданның жүлдегерлері атанды.

Қ.Қарабалаева шәкірттерін «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» деген Абайдың пікірі негізінде тәрбиелейді. Ол өз ісіне адамның адалдық, ізденімпаздық,



парасаттылық, кісілік, кішіпейілділік, жомарттық, жайсаңдық секілді қасиеттерін бағдар тұтады. Осындай асыл қасиеттердің бәрі ұлағатты ұстаз бойынан да табылады.

Ұстаздан дәрiс алған шәкірттері жоғары оқу орындарын бітіріп, бүгінде әр салада абыройлы еңбек етіп жүр. Әйгерім Баратбаева — қазақ тілі мұғалімі, Алтынай Шертай, Мөлдір Ниязбек, Динара Тұрсынбаева — дәрігер. Айдана Серікбаева — ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, Шымкент қаласындағы мектептердің бірінде жұмыс істейді. Аяжан Тұрдыбай — физика-математика пәнінің мұғалімі, Аян Ниязбек (ұлы) Астанадағы Ұлттық өнер университетін бітіріп, қазір Шымкент қаласындағы Қаратау өнер мектебінде мұғалім. Ол — айтыскер ақын. 2023 жылы республикалық айтыста «Күміс домбыраға» ие болған.

Қ.Қарабалаевадан білім алған, тәрбиесін көрген, дара мектебінен шеберлік тәлімін үйренген шәкірттері білім алған мектебінен, алғашқы ұстазымен жиі байланысып, мектепте өткізілетін іс-шараларға қатысып тұрады.

Бекжан Сұлтанов пен Ақан Ниязбек бастаған шәкірттері екі жылдан бері «Кітап оқуға шақырайық» тақырыбында байқау өткізіп жүр. Жеңімпаздарға ақшалай сыйлық үлестіреді. Бұл балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттырады.

Қарлығаш жұбайы Иманбай екеуі 3 ұл, 3 қыз тәрбиелеп өсірді. Тұңғыш қызы Бибінуір Алматыдағы М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясын бітірген, қазір жеке кәсіпкер. Ұлы Аян Астанадағы өнер университетін бітірген, өнер мектебінде мұғалім, айтыскер ақын. Еркебұлан — Қ.Сәтбаев атындағы ұлттық ғылыми-зерттеу университетінің стандарттау және сертификаттау факультетінің студенті. Екі қызы Ақсұңқар мен Мәдина — мектеп оқушылары. Күйеуі Иманбай — жеке кәсіпкер, мал бордақылау-мен айналысады.

Қарлығаш Қарабалаеваның білім саласына сіңірген еңбегі, көп жылдық шығармашылық табыстары бағаланып, аудандық білім бөлімінің Алғыс хатымен, грамотасымен, аудан әкімінің Алғыс хатымен, облыстық білім басқармасының және облыстық білім басқармасының «Білім беруді дамыту орталығының» грамоталарымен марапатталған педагог-зерттеуші.

К.ЕЛІКБАЕВ.

Түркілік дүниетаным мен ислам философиясы төңірегінде ой қозғағанда, Алладан адам баласына берілген материалдық және рухани игілектер – махаббаттың көрінісі. Данышпан Абайдың: «Адамды сүй, Алланың хикметін сез, Не қызық бар өмірде одан басқа?!», – деген даналық сөздері Ислам ғұламаларының діни тұжырымдамаларымен астасып, Аллаға және оның қасиетті көлеміне, яғни Құранға иман келтіруді меңзейді. Құран – күллі адамзаттың игілігі үшін түсірілген ең ақырғы иләһи кітап. Барша әлем мен адамның жаратылысындағы ақиқаттар Құранда түгел қамтылған. Он сегіз мың ғалам мен адамзат сырларын аңғартады. «Ислам діні – Адамшылық бастауы» деп білген, ғасырлар бойы қалыптасқан, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болған салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, наным-сенімдері бар қазақ рухани құндылықтарына селкеу түсірмеуге ұмтылуда.

Мұсылмандар Алла Тағаланың барлық хақ кітаптары – Таурат, Забур, Інжіл және Құранда есімдері аталған пайғамбарлардың барлығына (Нұх (с.ғ.), Идрис (с.ғ.), Ибраһим (с.ғ.), Мұса (с.ғ.), Дәуіт (с.ғ.), Иса (с.ғ.) және соңғы пайғамбар Мұхаммед (с.ғ.у.) т.б.), ахирет күніне, өлгеннен соң тірілуге иман етуде. Құран Кәрім өзінен бұрынғы хақ кітаптардың растаушысы және Жаратушының ең соңғы үміті болып табылады. Құран Кәрім араб тілінде 114 сүре және алты мыңнан астам аят болып түсірілген. Әлемдегі барлық мұсылмандар Мұхаммед (с.ғ.у.) пайғамбарға түсірілген Құран Кәрімді өзгеріссіз күйінде оқиды. Құран мұсылмандар үшін ең қасиетті кітап болып саналады.

Ақиық ақын Мұқағали Мақатаев «Дін – ғылымның анасы» деп жырлаған. Ендеше, бүкіл ғылым атаулының анасы да, атасы да, баласы да – дін.

Жаратушы ұлық тәңір Алла Тағалаға иманды және мойынсынуды білдіретін біртәңірлі (монотеист) теухид нанымы негізінде пайғамбарымыз Мұхаммед Абдуллаһұлы (с.ғ.у., 569–632) Мекке қаласында дүниеге келген. Әкесі – Абдуллаһ Абдулмутталибұлы (уаф.569). Абдулмутталибтің толық аты Шәйба ибн наһим, бірақ Абдулмутталиб деген атпен танымал. Ол Құрайыш тайпасының беделді көсемдерінің бірі болған. Анасы – Әмина бинт Уәһб (уаф.575–577), Құрайыш тайпасының Бәни Зүһра руынан шыққан. Әкесі Абдуллаһ Пайғамбар дүниеге келмей тұрып қайтыс болды, ал анасы Әмина бинт Уәһб Пайғамбар шамамен 6 жас кезінде қайтыс болды. Ол Мәдинадағы нағашыларына барып қайтар жолда, Әбуа деген жерде ауырып, сол жерде дүниеден өтті. Осылайша, Мұхаммед (с.ғ.у.) жастайынан жетім қалып, оны атасы Абдулмутталиб тәрбиесіне алды. Мұхаммед (с.ғ.у.) пайғамбардың атасы оның 8 жасында қайтыс болды. Атасы қайтыс болғаннан кейін оны ағасы Әбу Тәліб Абдулмутталибұлы (уаф.619) өз қамқорлығына алды. Әбу Тәліптің шын аты – Абд Манаф ибн Абдулмутталиб, бірақ ол ұлы Тәліптің атымен аталып кеткен. Әбу Тәліб Мұхаммед (с.ғ.у.) пайғамбарды өз баласындай жақсы көріп, әрдайым қорғап жүрді. Ол Пайғамбардың пайғамбарлық миссиясын мойындамаса да, өмірінің соңына дейін оны Құрайыш тайпасының қудалауынан қорғап, қолдау көрсетті.

Алла тарапынан 609–632 жж. аралығында адамзатқа түсірілген әлемдік дін – Жаратушы тарапынан ең алғашқы адамнан ең соңғы адамға дейінгі барлық адамзатқа және заманаға жіберілген дін.

Ислам он төрт ғасырдан бері бүкіл адамзатты сенімі мен нанымына, тегі мен нәсіліне қарамай, бейбітшілік пен ынтымаққа, сабырлылық пен тазалыққа шақырып келе жатқан Алла Тағаланың бірегей діні. Ислам ұлттық мәдениетті, ұлттық әдет-ғұрыптарды және дәстүрлерді жою, ұмыттыру үшін емес, сақтау, дамытуды мақсат етеді. Ислам – тек араб халқына емес, жер жүзінің барлық халықтарына тұтастай жіберілген фикһ (құқық) негіздерін зерттеуші ғұламалар Құран Кәрімдегі «Кешірімді бол, ғұрыппен әмір ет және надандардан теріс айнал» деген аятты алға тартқан. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мен сахабалары белгілі бір мәселеге үкім шығару барысында кейде халықты ынтымақ пен бірлікке бастау жолындағы қалыптасқан ғұрыптарға да сүйенген.

Ғаламның Жаратушысы Ұлы Алла Тағала – барлық жанды-жансыз атаулыны жоқтан бар етушісі болып табылады. Көктер мен жердің әрқайсысына арнап тұрғындар жаратты. Аспан тұрғындары дегеніміз – еш уақытта Аллаға қарсы келмейтін күнә жасамайтын, әрдайым Оны ұлықтап, пәктеп тұратын нұрдан жаратылған періштелер. Ал жер беті тұрғындары дегеніміз – Алла Тағалаға ғана құлшылық етуге бұйырылған жындар мен адамдар.

Адам баласының ойлау жүйесі шектеулі болғандықтан да, Құдай Тағаланың жоғарыда айтылған шектеусіз болмысын зерделей алмаймыз. Алла құдіретін ойша қамти алмаймыз, яғни Алла Тағала біздің болашақ тағдырымызды түгел түгендеп Лаухул-Махфузге Қиямет-Қайымға дейінгі жаратылыс, тіршілік тағдыры түгел жазылып қойылған. Оның ішінде өмірге әлі келмегендер тағдыры да бүге-шүгесіне дейін Алланың өмірімен күллі жаратылыспен күллі тіршілік тағдырлары

толық жазылып сыйыстырылған делінгеніне ойлау жүйеміздің шектеулілігіне Құдай Тағаланың шектеусіз болмысын зерделей алмаймыз.

Алла Тағала ол күнді сипаттап: «Сондай-ақ олардың барлығы Қиямет күні Оған жеке-жеке келеді», – деген (Мәриям, 95). Болашақты өз биігімізден бағалауымызбен, Алла Тағала құдіретін ойша қамти алмаймыз. Бұған Абай хәкім: «Алла Тағала – өлшеусіз, біздің ақылымыз өлшеулі. Өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды!», – деп жазып кетпеп пе еді?!

Түркілік дүниетаным

Дүниеде қолмен ұстап, көзбен көруге болмайтын адамның сезім мүшелері арқылы қабылданбайтын құбылыстарды философияда «трансцендентті» деген терминмен атайды. «Мистика», «ғайып» деуге келеді. XIX ғасырдан бастап көзге көрінбейтін, қолға ұстауға болмайтынның бәріне төкәппар ғалымдар қолды бір сілтеді, бұл надандық деп Құдай, дін, аруақ дегендердің маңдайына «дін – апиын» деген таңбамен тарих қоқысына лақтырды. Ал ақірет түгіл, Алланың Өзіне сенбейтін көпірлер жайлы Құранда: «(Олар) дүние тіршілігімізден басқа (тіршілік) жоқ және біз қайта тірілуші емеспіз», – дейді», – делінген (Әнғам, 29). Мешіт пен шіркеулерді сүргізді. Қожа молдалардың соңына шам алып түсіп, Құдайсыз қоғам құрды.

XX ғасыр басында төкәппар ғалымдардың «күйсеуі» өзгере бастады. Материяның кіші бөлшегі – атомға үңілуінен протон, нейтрон және оларды айналып жүретін электрон, яғни анау көктегі алып планеталардан бастап мына жердегі биттей бізге дейін осы атомдардан тұрамыз. Материяны қозғап тұрған Құдіреттің аты «сана» екенін мойындады. Осыған дейін дүниені материя билейді деп келген пікірден сананың материяға емес, керісінше материяның санаға бағынғанына көздері жетті. Квант механикасы аталатын бұл жаңалықтан кейін құдайсыздық күйсеуі күрт өзгерді. Кванттық теория – сәуле арқылы тарайтын немесе жұтылатын бір үлес энергия квант деп аталады. Ондағы элементар (майда) бөлшектердің 60-қа тарта түрін анықтап, олардың өмір сүруін де таныды.

Нәтижеде діннің айтып жүргендерінің бәрі ақиқат екендігіне көздері жеткен ғалымдар мойындауы басталды. Иә, олардың ішінде түсінбейтіндері де жоқ емес. Себебі, бұл ахуал осы уақытқа дейін бар құпиясын ішіне бүгүмен келді. Әсіресе, элементар бөлшек нанотехнологияның жайын өз дәрежесінде ғалымдар мен дін өкілдері түсінбеуінде болды. Нано дүниеден атом, атомнан материя, яғни бар (көрінетін) дүние жаратылады. Ендеше, көрінетін дүние көрінбейтін дүниеден бастау алады. Бұл жерде атомдық салмақ, электрон саны т.б. қысқасы химиядағы элементтер өзіне тән негізде қалыптасады. Бұл дегеніміз зат (элемент), яғни материя (осы дүние) жаратылды деген сөз. Мына дүниедегі кез келген затты бар етіп тұрған нанода. Нанода өлмейді, өшпейді, сондай-ақ жоқ болып та кетпейді. Мәңгіге жоқ болатын соның өнімі ол материя, міне, осылай түсінгеніміз дұрыс болмақ.

Материяға негізделген біз көріп тұрған дүниелердің барлығы (өзіндік қасиетін сақтайтын) өмірін сүріп болған соң түбінде жоқ болатыны шындық. Пайғамбарымыз (с.ғ.у.) мына әлемді түс сияқты деген. Біз өмір бойы материалды ұғым-түсінік аясынан шыға алмай келеміз. Адам өлгенде әлгі нанода алдында, гәупиген дене (материя) қалып, біртіндеп жойылып, жан – рух, ол нанода, ол сақталады. Бұл жерде тәнді материядан алып, ал рухты нанодан деп түсінуіміз дұрыс. Жер шары наноданың өнімі болып табылады.

Бұл өмір адамзатқа сынақ үшін берілгенін Раббымыз Алла Өзінің кітабында: «Ондағылардың (яғни жер бетіндегілердің) бәрі өткінші (мәңгі емес). Ұлы дәрежелі әрі Жомарт Раббыңның жүзі ғана қалады», – деген (Рахман, 26-27).

Өлім – адам тіршілігінің соңы емес. Өмірден өткен адам «фәниден» (өткінші) «бақиға» (мәңгілікке) өтеді. Пенделердің «екі дүниенің абыройын берсін» деп тілек білдіруі осыдан. Яғни бұл дүние және ақірет өмірі. Құран Кәрімдегі Алла Тағаланың: «Шын мәнінде, бұл дүние тіршілігі (уақытша) пайдалану ғана. Ал ақырет, ол – тұрақты мекен» (Гафр, 39), деген сөзі дәлел болады.

Бөрікті қазақ жауға шапқанда квантсыз-ақ, «Аруақ!» «Аруақ!» – деп ұрандатқан.

Бұл ақиқатқа халық көзі ғылымсыз-ақ Құдайға деген сенімдері арқылы жеткен. Төкаппарланған ғылым материалистік көзқарастарын алға қанша тартса да, идеалистер Құдайдан безбепті. XX ғасырда асқақтағандарды уақыттың өзі тәубесіне келтірді. XXI ғасыр табалдырығын ғылым мен дін қол ұстасып бірге аттап отыр. «Дінсіз ғылым – ақсақ. Ғылымсыз дін – соқыр», – деген Эйнштейннің айтқаны келді.

Дінде «Алла 18 мың ғаламды бір тарының қауызына сыйғызып жібереді» делінеді. Алла Тағала: «Міне, (бұл құдіреттер Иесі) – Алла хақ. Расында, Ол өліктерді тірілтеді және Оның әр нәрсеге құдіреті жетеді. Сондай-

ақ қиямет күдіксіз келеді. Онда (яғни оның болатынына) еш күдік жоқ және, әлбетте, Алла қабірдегілерді тірілтеді», – деген (Хаж, 6-7). Біздегі басты кемшілік – өзімізді дұрыс бағалай алмауымыз бен өзімізді танымауымыз болып отыр. Алла адамды әу баста құрметті етіп, бүкіл жаратылыс, тіпті, періштелерге дейін адамның алдына бас иетін етіп, өзінің орынбасары – халифасы етіп жаратқан. Бұл туралы Алла Тағала тарапынан пайғамбарымызға қарай айтылған.

«Егер сен болмасаң, мына әлемді жаратпаған болар едім» деген Хустим – Хадис бар. Ата-бабаларымыз үшін «Рух» сөзі өте қастерлі болған, бүгінгі ұрпаққа аманаты да сол. Осыған орай, хакім Абайдың «Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй ол

Алланы жаннан тәтті» деген секілді даналық сөздері Ислам ғұламаларының діни тұжырымдамаларымен астаса тілге тиек етіледі.

Имам Ибн Қайим әл-Жаузи «Рух» атты кітабында рухтың не екендігіне түсіндірме бере келіп: «Рух, ол – қасиеті жағынан өзгеше бір (болмыс). Яғни, материалдық денелерден өзгеше. Ол – нұрлы, жоғары, жеңіл, тірі қозғалып әрекет ететін, ағзалардың бойына бітетін дене. Яғни тән рухсыз сезімге, әрекетке және қалауға ие бола алмайды. Ал егер ағза кері есерлердің нәтижесінде аталмыш әрекеттерді қабылдай алмаса (Ауру-сырқау, апатқа ұшырау және т.с.с.), рух тәннен ажырайды. Сөйтіп, ол рухтар әлеміне кетеді», – деп айтқан («Ақырет өткелдері» 2009-ж. 33-б.).

Адам тура жолды ұстануы немесе ұстанбауы тек өзі үшін ғана. Өйткені Аллаһ тағала; «Кім ізгі іс істесе, ол өзінің пайдасына. Ал кім жамандық істесе, ол да өзінің зиянына. Раббың пенделерге зұлымдық істеуші емес» (Фуссиләт, 46);

«Сонда кім тозаң түйірінің салмағындай жақсылық істеген болса, оны (яғни ақыретте сауабын) көреді. Ал кім тозаң түйірінің салмағындай жамандық істесе, оны да (яғни ақыретте жазасын) көреді», – деп айтқан (Зилзала, 7-8).

Отанға деген сүйіспеншілік ел игілігіне жасаған жақсылықтармен өлшенбек. Әлі күнге есімдерін ел құрметтеген әл-Фараби, Йүгүнеки, Ясауи, Бақырғани, Керделер – бәрі де Отанды гүлдендірген, елге, жерге адал қызмет еткен жандар еді.

Тарих сахнасына көтерілгеннен бері, өмірдің өзі көрсеткендей, Ислам дінінің ғылым-білім мен өркениеттің сарқылмас кәусәр бұлағы екендігін әлем мойындауда.

Исламның алғашқы дәуірінде мұсылмандар арасында діни қайшылықтар тумады. Өйткені хәзіреті Мұхаммед (с.ғ.у.) пайғамбарымыз қасиетті Құран және өзінің даналығымен мәселенің шешімін айтып, дер кезінде алауыздықтың алдын-ала білді.

Сахабалардың кезінде түрлі діни көзқарастар пайда болды. Соның салдарынан исламды өртүрлі талдайтын, түрлі-түрлі мәзһабтар (діни құқықтық мектеп, жол) көбейді.

Хазіреті Мұхаммед (с.ғ.у.) пайғамбарымыз оларға: «Сахабаларым аспандағы жолшы жұлдыздар іспетті. Олардың көйбіріне ілескендер, хақ жолын табасыңдар», – деп сипат берген.

Уақыт өте фикһ (мұсылман заңы) саласы бойынша Құран аяттарын дұрыс талдау және хадистерді зерттеу арқылы шариятты дамытып, жалған мектептерге қарсы күресуші, олардың қателіктерін паш етуші Әбу Ханифа (699-767), иман Малик (717-795), иман Шафиғи (767-820), Ахмад ибн Ханбал (780-855) секілді ислам ғұламаларының мәзһабтары дүниеге келді.

Ислам дініне сенетін философтардың философиялық ой-сана жүйесіне өлшеусіз үлес қосқан араб емес ғұламалары қатарында адамзаттың алғысына бөленгендер: Мұхаммед Әбу Насыр әл-Фараби (870–950), Әбу Райхан Мұхаммед Ахмедұлы әл-Бируни (973–1048), Әбу Әли әл-Хүсеин Абдұллаһұлы Синаұлы (Ибн Сина, 980–1037), Жолаладдин әл-Руми (1207–1273). Хадияттер таснифі саласынан Мұхаммед Исмаилұлы әл-Бұхари (810–870). Әбу Иса әл-Тирмизи (824–892).

Ислам дінінің қазақ даласына келгеніне он екі ғасырдан аса уақыт өтті. Содан бері халқымыз атақты ислам ғұламасы, фикһтық (мұсылман заңы) білгірі Нұғман ибн Сәбит (р.а.) (699-767) негізін қалаған Ханафи мәзһабын (діни құқықтық мектеп) ұстанып келеді. Мәзһаб – жол, бағыт, көзқарас дегенді білдіреді. Шариятта – арнайы тәсілдер, ережелер арқылы Құран мен сүннеттен шығарылған үкімдер мен көзқарастар жиынтығы «мәзһаб» делінеді.

Әбу Ханифа өзінің үкім шығару тәсілін былай түсіндірген: «Ең бірінші Құраннан үкім көрсем, соны аламын. Құраннан таппасам, Пайғамбардың (с.ғ.у.) хадистері мен сүннеттеріне қараймын. Пайғамбардың сүннеттерінен таппасам, сахабалармен бірлесе отырып, ортақ келісімдермен шығарған үкімдерін аламын.

Жақсылық Сыдықбайұлы.

(Жалғасы келесі санда).

Сені мақтан тұтамыз, Ғалеке!

Журналистика өлеміне алғаш қадам басқанымда жасым небәрі 17-де болатын. Төлеби аудандық «Төлеби туы» газетінің бас редакторы Әбдімәлік Рахманқұловтың тапсырмасымен ауылдарға шығып, мал шаруашылығы саласынан мақала әзірлеп әкелемін. Газеттің ауылшаруашылығы бөлімінің меңгерушісі Серікқали Жексенбай болатын, ерніне қыстырған темекісінің түтінін будақтатып отырып, мақаламды қарап шығады. Өзім үшін сәтті жазылған секілді көрінген мақалам әпсәтте қып-қызыл шимайға толады. Қағаз қызарған сайын бетім де дуылдап қызарып ала жөнеледі. Не керек, өзімнің әлі журналистикаға дайын емесімді сезіп, бір-екі жыл жазуға машықтанып барып келермін деген оймен редакция есігін сыртынан жаптым.

Арада екі-үш жыл уақыт өтті. Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультеті сырттай бөлімінің 3-курс студентімін. Өзімді іштей қанша дайындап келсем де, редакция табалдырығын тағы да имене атадым. Редакцияда жеңін білегіне дейін түріп алып, қолына газеттің дайындалып жатқан беттерін ұстап алып, әрлі-берлі жүрген бір жас жігітті көрдім. Мысы басым көрінетін редакциядағы аға-өпкелермен құрдасындай қалжыңдасып, әдемі өзілдесіп қояды. Осы көрініс менің бойымдағы қорқынышты сөйілте бастады. «Өзім құралпы жігіттің атқарған жұмысын мен неге атқара алмаймын?» деп өзімді іштей қайрадым.

Әлгі жас жігітпен сол күні-ақ танысып алдық. Аты-жөні Ғалымжан Елшібай екен. Тау етегін өрмелей орналасқан Қасқасу ауылының тумасы. Корректор болып жұмыс істейді. Қаламы да төселіп үлгерген. Жазған мақалалары шыршымыр, тілі шұрайлы. Шабыты келгенде арқаланып өлең жазып тастайтын ақындығы да бар екен. Мен редакцияға корректор болып орналасқанда осы қызметті он бір ай атқарған Ғалымжан тілші болып іске кірісті. Бұл 1994 жыл болатын. Осылайша журналистика атты алып мұхитта желкен тартып, жұбымыз жазылмай қатар жүзіп келе жатқанымызға 30 жылдан асты. Әріптестігіміз мызғымас достыққа ұласып, тіпті, кейде мақаламызды «Егіздер» деген бүркеншік атпен де жариялап жүрдік. Өйткені, ұдайы жұбымыз жазылмай жүретініне қарап, жұрт бізді «Егіздер» деп атайтын. Ғалымжан біздің үйдің, мен Ғалымжанның үйінің бір баласындай болып кеттік. Құдай қосқан қосағы Раушан екеуі отбасы құрып, шаңырақ көтерген тойларында ұл жолдас ретінде қуаныштың басы-қасында болдық. Журналистика таныстырып, тағдыр тоғыстырған үш дос – Оралхан Дәуіт, Ғалымжан Елшібай және мен бүгінде өзіміз ғана емес, перзенттеріміз де сыйлас құрдастарға айналған.

Ғалымжан өз мамандығына құлай берілген, шынайы жақсы көретін азамат. ҚазҰУ-дың журналистика факультетіне құжат тапсырғанымен, екі жыл қатарынан жолы болмай, ауылға қайтуға тура келген. «Мына әрекетіңнен түк шықпайды» деген өкенің қалауымен, әрі

тапсырмасымен медицина саласының студенті атанады. Алайда, онда бір күн де оқымай, ауылға қайтып, бір жыл мал бақты. «Қалай да журналистикаға түсемін» деген талабы, арманы келесі жылы орындалды. Ізденімпаз, тың идеяларға бай Ғалымжан қай ортада болмасын талантын танытып, өзгелердің назарын өзіне аудартып жүретіндігімен ерекшеленеді. Университетте де атағынан ат үркетін, бір-беткей, қатал мінезінен студенттер ғана емес, оқытушылардың өздері қаймығатын Темірбек Қожакеевтің көзіне түсіп, сүйікті шәкірті атанды.

Ғалекеңнің дипломдық жетекшісі болды. Өзінің жеке шығармашылығына талдау жасап, сыни көзбен қараған «Жанам деген жүрекке от беремін» атты дипломдық жұмысын сәтті қорғап, университетті қызыл дипломмен тәмамдады.

Ұстазы Темірбек Қожакеевпен оқу бітіргесін де байланысын үзбеді. Бір күні қызық та күтпеген жағдай болды. Жұмыс кабинетінде отырғанымда есікті ашып, кабинетке Қожакеев кіріп келеді. Өңім ба, түсім ба дегендей, абдырап түріне қарап қалыппыз. «Әй, маған Ғалымжан керек, тауып беріңдер» дегенде барып, қолын алып, төрімізге шығардық. Дерек Ғалымжанды іздеуге кірістім. Ол кезде қазіргідей ұялы телефон жоқ, мәлімет алып келемін деген мекемеге қоңырау шалдым. Тауып алдым. «Сені іздеп Қожакеев келіп тұр, тез жұмысқа кел» дегеніме сенбей, «қайдағы Қожакеев, қалжыңдамашы» деп тұтқаны қоя салды. Қайта хабарластым. Ешқандай да қалжың емесін түсінген бойда дереу редакцияға келді. Ұстаз бен шәкірт құшақ айқастырып, қауқылдасып көрісті. Ғалымжан әлі де мына жағдайға сенер, сенбесін білмейді. Біраз жағдай сұрасқаннан кейін Ғалымжан ұстазы Қожакеевті ауылында, қара шаңырақта қонақ етті. Әкесі Қамытбек көкеммен де ашық-жарқын әңгіме құрып, құрметті қонағының иығына шапан жапты. Риза көңілмен аттанған Қожакеев реті келгенде Ғалымжанның ата-анасын да арнайылап үйіне қонаққа шақырып, сый-құрметін жасады. Қонақжай Ғалымжанның Қасқасудағы қара шаңырағында Намазалы Омаршев, Темірғали Көпбай, Қайырғали Медет секілді құрметті қонақтар арнайылап келіп, дастарханынан дәм татқанына өзіміз куәміз.

Жоғарыда айтқанымыздай, Ғалымжан өз мамандығына шынайы берілген адам. Аудандық газетте жүріп-ақ кесек-кесек дүниелерді көтеріп, оң шешілуіне мұрындық болды. Өзінің туып-өскен ауылы – «Қас-

қасуда орталау мектеп ашылса» деген тақырыппен мәселе көтерді. Мақаланы жазып қоя салмастан ауылдастарын үйме-

көрсен, көзін аш» дегендей, сол топтың мүшесі болған талай жастар қазір өнер саласында қанатын кеңге жайып, елге қызмет етіп жүр.

Аудандық газеттен облыстық «Оңтүстік Қазақстан», кейін «Шымкент келбеті» газетінде жұмыс істеп, шеберлігін шыңдаған Ғалымжан ұзақ жылдар «Жас Алаш», «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі» секілді республикадағы ең беделді басылымдарда қызметін жалғастырып, жасындай жарқырады. «Жас Алашқа» шыққан әрбір мақаласы қоғамда қызу талқыға түсіп, облыс әкімінің өзі санасып отырды. Қазір де «Егемен Қазақстан» газетінде сүйекті мақаларымен үлкен мәселелерді қозғап жүр.

Ғалымжан қызметін облыс орталығына ауыстырған жылдардан бастап қоғамдық жұмыстарға да белсенді араласып келеді. Қазақстан Журналистер Одағы Түркістан облыстық филиалын абыроймен бес жыл басқарды. Осы жылдар ішінде талай игі істерге ұйытқы болды.

Журналистикадағы еңбегі ерен әріптестеріне «Қазақстанның құрметті журналисі» атағын бергізуге баса көңіл аударды. Осы құрметті атақ Қайырғали Медет, Әбдімәлік Ағыбай, Әбдімәлік Рахманқұлов, Ұрзада Айтөреева, Нұрлан Кенжеғұлов, Сәділ Кәдеев, Субханберді Оразалиев сынды аға буын өкілдеріне де Ғалымжан Қамытбекұлының төраға тұсында бұйырды. Журналистикадан өзіне лайық орнын алған Әбдәз Рахманұлының «Түркістан облысының құрметті азаматы» атағын алуда да бастамашыл топтың көшін бастап жүрді. Қазір де «Медиакратия» қоғамдық бірлестігінің төрағасы ретінде көптеген игі істерге ұйытқы болып келеді.

Мақтаарал ауданының бірнеше ауылындағы тұрғын үйлер су астында қалып, қиын ахуал қалыптасқанда Ғалымжанның ұйымдастыруымен үйі су астында қалған сол аудандағы әріптесімізге қаржылай көмектесіп, арнайылап қан шығарып, құран оқытып, демеу болғанын қайырымды істердің қатарына жатқызуға болады. Қайырымдылық демекші, туған ауылы – Қасқасудағы ауыл мешітінің бой көтеріп, ел игілігіне ұсынылуына да атсалысып, көп еңбек сіңірді. Ауылдағы қаржылай мүмкіндігі бар ағайындар мен шеттен өзге де қалталы көсіпкерлерге қолқа салып, Алланың жердегі үйінің бітуіне мұрындық болды. Ауыл азаматтары да ынтымақ-бірліктерін танытып, сенбілік ұйымдастырып, мешіттің ай-

наласын тазалап, құдайы ас берді.

«Өлі риза болмай, тірі байымас». Бұл Ғалымжанның көкейден бір мезетке де шығармайтын негізгі ұстанымдарының бірі.

Былтырғы жылдың қасиетті Рамазан айында Әмірсейіт Әліевтен бастап, Жұмамұрат Тұяқбаев, Оразхан Жарқынбек, Анар Аспан, Қайырғали Медет, Мұхтар Атабек, Қанат Сәдуақасов сынды 40-қа жуық аға әріптестердің әруақтарына арнап құран бағыштап, көпшілікке ауызашар ұйымдастырды. Аудандық газеттерді ұзақ жылдар басқарған Әбдіраш Сағындықов, Жұмабек Мұқанов секілді бас редакторлардың атында арнайы номинация тағайындалып, журналистер мерекесі қарсаңында марапаттады. Жұырда ғана «Мархабат» атты журнал ашып, көсем сөздің кемеңгері Мархабат Байғұт ағамыздың шығармашылығын кейінгі жастарға насихаттау, есімін мәңгі есте қалдыру бағытындағы бастамасына қалың оқырман қауым айрықша алғыс айтып, қолдау білдірді.

Елге қызмет ету журналистикамен шектелмейді. Оның шекарасын кеңейту мақсатында облыстық мәслихаттың екі шақырылымында сайлаушылар сеніміне ие болып, депутат атанды. Осы кезеңде Төлеби ауданындағы кейбір қордаланған жол, су, газ, жарық секілді әлеуметтік мәселелердің оң шешілуіне септігі тиді. Аудандағы көптеген мектептерді ағымдағы жөндеуге деп облыстық бюджеттен қаржы қаралауына тікелей себепкер болды. Аудандардағы маңызды нысан – мұрағаттардың қазіргі мүшкіл халін бүкіл депутаттық корпус алдында мәселе етіп көтерді. Бұл әлі де маңызын жойған жоқ.

Ғалымжанның өз еңбегі де ескерусіз қалмады. «Жыл журналисі», «Алтын қауырсын», «Үздік журналист», тағы да басқа кез келгеннің бағына бұйыра бермейтін номинацияларды даусыз бағындырды. Республикалық деңгейде сарапқа салынатын А.Байтұрсынов атындағы сөз зергері сыйлығының иегері атанып, республикада да топ жарды.

Отызында орда бұзып, қырқында қамал алған Ғалымжан Қамытбекұлын өрдің жасы – елуге келген мерейтойымен құттықтаймыз. «Хаққа жақпың келсе, халыққа қызмет ет» демекші, елге қызмет етуде Жаратушының өзі жәрдемші болсын! Жүзге жеткенше жамандық көрмегейсің.

Біз сені мақтан тұтамыз, Ғалеке!



Шадияр МОЛДАБЕК,
«Өзге пікір» газетінің бас редакторы.

Шипажайға жолдама берілді



Халықаралық әйелдер күніне орай Ленгiр қаласының әкiмi Жұмабаев Мақсат Болысбекұлының және «Ленгiр тазалық» МКК директоры Сейiтбеков Төлеби Нұрланұлының ұйымдастыруымен еңбеккер аналарға, қыз-келiншектерге ерекше құрмет көрсетiлдi. Шуақты мереке қарсаңында оларға қала әкiмiнiң Алғыс хаты, мерекелiк сый-сияпаттар мен ақшалай

сыйлықтар табыс етiлдi.

Сонымен қатар «Бiркөлiк» оңалту-сауықтыру кешенiнiң басшысы Мыңбаев Асанбай Ералыұлының демеушiлiгiмен қысы-жазы, күннiң суығы мен аптабына қарамай, Ленгiр қаласының тазалығын сақтауға өз үлестерiн қосып жүрген бiр топ еңбеккерлерге шипажайға жолдама берiлдi.

Аудандық бiлiм бөлiмiнiң басшысы, профессор, академик Бекайдар Тойлыбаевтың бастамасымен бiлiм бөлiмi мен бiлiм қызметкерлерi кә-

Ұлттық киiммен келген ұстаздар мерекенiң сәнiн көлтiрдi. Педагог ханымдардың әрбiрiне сый-сияпат жасалып, гүл шоқтары табысталды.

Педагог ханымдарға құрмет

сiподағының аудандық комитетi мектеп басшыларымен бiрлесiп, Ленгiрдегi «Kristal Holl» мейрамханасында Рамазан айымен тұспа-тұс келген 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесiне орай мектептер мен балабақшалардың педагогтары мен мейраммен құттықтап, ауызашар бердi.

Ауданның бас имамы Үсен Саурбаев құран оқып, бата берiлген соң, аналардың назарына мерекелiк концерт ұсынылды.



«ТӨЛЕБИ-АҚПАРАТ».

«Сыйынар ем ана деген тәңiрге»

(Жалғасы.Басы 1-бетте).

Ол өз сөзiнде: «Құрметтi аналар, сiздер отбасында аналық парыздарыңызды адал атқарып қана қоймай, қоғам өмiрiне де араласып, табысты еңбек етiп келесiздер. Ана – өмiрдiң бұлағы, әр үйдiң шырағы. Өмiрiмiздiң бұлағы сарқылмасын, әр шаңырақтың шырағы сөнбесiн. Сiздерге дендерiңiзге саулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектерiңiзге табыс тiлеймiз! Мерекелерiңiз құтты болсын!», – дедi. Құттықтау сөзiнен соң ауданның әлеуметтiк-экономикалық дамуы мен қоғамдық-саяси өмiрiне белсене атсалысып жүрген аналардың бiрқатарына аудан әкiмiнiң Алғыс хатын табыстады.

Мерекелiк iс-шара аудандық мәдениет үйi әншiлерiнiң өсем әнiмен өрiлiп отырды. Аналарды мерекемен құттықтаған аудандық мәслихат депутаты Сәкен Мәженов бiр топ ханымдарға аудандық мәслихат грамотасын, қалалық ардагерлер кеңесiнiң төрағасы О.Әбдiқайымов қала әкiмiнiң Алғыс хатын табыстады.

Мерекенi ауданға өзiнiң әдемі үнiмен, жоғары мәдениетiмен танымал, Момынай ауылдық клубының директоры Тимур Тастанов жүргiздi.

Төлеби аудандық полиция бөлiмiнiң учаскелiк полиция инспекторы, полиция аға лейтенанты Бейбарыс Серiкбаев, республикалық, халықаралық байқаулардың лауреаты Нұрислам Қылыш әннен шашу шашып, мерекелiк кештiң шырайын аша түстi.

Сахна шымылдығы қала әкiмi мен аппарат жiгiттерiнiң орындауында «Анашым» әнiмен жабылды. Осылайша қала әкiмдiгiнiң ер азаматтары өздерiнiң сегiз қырлы, бiр сырлы екендерiн, әннен де қара жаяу еместiктерiн көрсеттi.

Жоғары деңгейде өткен аналар мерекесi қала әкiмi Мақсат Жұмабаев пен аудандық мәслихат депутаты Сәкен Мәженовтиң ұйымдастырушылық қабiлеттерiнiң тағы бiр дәлелi болды. Аналар қауымы мерекенi ұйымдастырушыларға алғыстарын жаудырып, көтерiңкi көңiл-күймен тарқасты.

А.АСҚАРҚЫЗЫ.

Төлеби ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында 2025 жылы жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар өкілдерін жеке немесе онлайн ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Қызметі	Тегі, аты-жөні	Қабылдау уақыты	Орналасқан жері	Қызмет телефоны
Басқарма басшысы	Абдукаримов Бегзат Оразбаевич	Күнделікті сағат 11:00-ден 17:00-ге дейін	Ленгiр қаласы, Аманкелдi көшесi №1в, II қабат №1 бөлме	6-12-77
Басқарма басшысының орынбасары	Кемелов Бекжан Бахытжанұлы	Күнделікті сағат 11:00-ден 17:00-ге дейін	Ленгiр қаласы, Аманкелдi көшесi №1в, I қабат №10 бөлме	6-11-06

Қабылдауға жазылу (872547) 6-12-77, 6-11-06 телефондары арқылы.

ТӨЛЕБИ АУДАНЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ.

Студенттермен кездесу

Төлеби ауданы iшкi саясат бөлiмiнiң «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нiң мамандарынан құрылған мобильдi топ №8 кәсiптiк-техникалық колледж студенттерiмен кездестi. Басқосуда мемлекет тарапынан жастарға берiлiп жатқан жеңiлдiктер туралы, оның iшiнде жастарға арналған 2,5% несие (5 000 000 теңге), «Бастау бизнес» (қайтарымсыз 1 572 800 теңге), «Тәуелсiздiк ұрпақтары» (қайтарымсыз 3 000 000 теңге), «ZHAS PROJECT» жобасы (қайтарымсыз 1 000 000 теңге) және «Мәңгiлiк ел жастары – индустрияға» – «Серпiн-2050» мемлекеттiк бағдарламасы, «Болашақ» халықаралық стипендиясы және «Жасыл ел» жастар жасағы жайлы колледж бiтiрушi түлектерге арнайы түсiндiрме жұмыстары жүргiзiлiп, инфопарақшалар таратылды.

Сонымен қатар жастар арасында орын алатын келеңсiз жағдайлардың алдын алу, оның iшiнде қылмыстық құқық бұзушылық, буллинг, суицид, қыздар арасындағы ерте жүктiлiк, құмар ойын тақырыптары да кеңiнен талқыланып, жастарға ой салды. Студенттер көкейiндегi сұрақтарын қойып, тұщымды жауаптарын алды.

«ТӨЛЕБИ-АҚПАРАТ».

Хабарландыру

Облыстық бiлiм басқармасының 04.03.2025 жылғы №25/1360 хатына сәйкес Қазақстан Республикасы Бiлiм және ғылым министрiнiң «Орта бiлiм беретiн үздiк ұйым» грантының мөлшерiн және оны беру тәртiбiн белгiлей отырып, оны беруге арналған конкурсты өткiзу қағидаларын бекiту туралы 26.12.2014 жылғы №544 бұйрығына сәйкес «Орта бiлiм беретiн үздiк ұйым» грантына конкурс жарияланды.

Осыған орай бұйрықты басшылыққа алып, құжаттарды ағымдағы жылдың 10 сәуiрiне дейiн Төлеби ауданының бiлiм бөлiмiнiң әдiстемелiк кабинетiне өткiзу қажеттiгiн хабарлайды.

ТӨЛЕБИ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ.

Жарамсыз деп табылсын

Есимхан Нұрлыхан Айдарханұлына 2023 жылғы 30 қаңтарда ҚР Ішкі істер министрлігі берген №052563117 жеке куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.



Бiздiң мекенжайымыз: 161101, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Ленгiр қаласы, Төле би көшесi, 111 “б” үй.

Меншiк иесi: «Төлеби туы kz» қоғамдық-саяси газетiнiң редакциясы» жауапкершiлiгi шектеулi серiктестiгi

ЖШС ДИРЕКТОРЫ –
БАС РЕДАКТОР
РАХМАНҚҰЛОВ
Әбдiмәлiк
Түймебекұлы
8-701-408-72-32

Бас редактордың орынбасары
Орынбасар СҮТТІБАЕВ (экономика және руханият)
8-706-413-11-56.
Бөлiм меңгерушiсi Ақжан ИМАНАЛИЕВА
(әлеумет, бұқарамен байланыс)
6-23-23, 8-702-494-81-71
Бас есепшi Жанар ЕРЕЖЕПОВА
8-705-887-51-61.
Дизайнер Нұргүл Мамытханова
8-777-918-03-35 (жарнама)

Газеттiң осы нөмiрiне жауапты кезекшi
Ақжан ИМАНАЛИЕВА.
Газет редакцияның компьютер орталығында терiлiп, «АР-принт-1» ЖШС-нiң баспаханасында басылды.
Баспахананың мекенжайы:
Шымкент қаласы,
Тәшенов көшесi, №24 үй.
Газетке жазылу индексi 66744
Таралымы 3024 дана. Тапсырыс №

Газет аптасына бiр рет, жұма күнi шығады. Редакция материалдардағы фактiлердiң дұрыстығына автор жауапты екендiгiн ескертедi. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұны үшiн редакция жауап бәрмәйдi.

«Төлеби туы» газетi Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлiгiнде 2013 жылғы 20 маусымда тiркелiп, №13693-Г куәлiгi берiлген.